

2021 ЖЫЛ

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

---



«ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ОРНЫҚТЫЛЫҚ ҚОРЫ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

---

[www.kfu.kz](http://www.kfu.kz)



## МАЗМҰНЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ	3
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ	5
ҚОР ТУРАЛЫ	7
МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА ШОЛУ	12
НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР	18
ҚОР БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ	24
ТИІМДІ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ҚОР ҚҰРУ	37
2022 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР	51
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	53
2021 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ	72
ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	86
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ	89

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ



## ҚҰРМЕТТІ ИНВЕСТИТОРЛАР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

2021 жылы Қазақстан Үкіметі мен Ұлттық Банктің барлық іс-қимылдары пандемия зардаптарын біртіндеп еңсеруге бағытталды.

Экономиканың өсу қарқынының ұзаққа созылған құлдырауының алдын алу мақсатында Үкімет, Ұлттық Банк және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі халықтың төлем қабілеттілігін қолдау, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлікке көмек көрсету бойынша кең ауқымды шаралар кешенін қабылдады.

Осының арқасында жыл соңына қарай экономика 4,1%-ға өсіп, пандемияға дейінгі деңгейіне келтірілді.

Ұлттық Банктің тапсырмасы бойынша дағдарысқа қарсы бағдарламаларды қаржыландыру шараларын Қазақстанның орнықтылық қоры жүзеге асырды. Бекітілген жоспарларға сәйкес 2020-2021 жылдар аралығында келесі бағдарламалар іске асырылды:

- ◆ Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беруді қолдау бағдарламасы шеңберінде елімізде төтенше жағдай режимін енгізу нәтижесінде зардап шеккен кәсіпорындарға 1,1 трлн теңгеден астам сомада қолдау көрсетілді, бұл 96 мыңнан астам жұмыс орнын сақтап қалуға мүмкіндік берді.
- ◆ Жұмыспен қамтудың жол картасы бағдарламасының қорытындысы бойынша 800 млрд теңгеге жуық сомаға жобалар қаржыландырылды, бұл әлеуметтік сала, инженерлік-көліктік инфрақұрылым, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және елді мекендерді абаттандыру сияқты экономика секторларында халықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, Қор басқа да келесідей мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруын жалғастырды:

- ◆ бұрын бөлінген мемлекеттік қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз етуде банк секторының қаржылық орнықтылығын қолдау;
- ◆ қазақстандықтар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша: «7-20-25. Әрбір отбасы үшін тұрғын үй сатып алудың жаңа мүмкіндіктері» бағдарламасы және 2021 жылы аяқталған «Баспана хит» нарықтық ипотекалық бағдарламасы. Екі бағдарламаның да банктерді ипотека нарығына қайта оралуға ынталандырғанын, ал бұл жәйттің тұрғын үйге кредит беру бойынша инновациялық банкішілік экожүйелерді құруға әкелгенін атап өткен жөн. Бұл ретте қаражат тарту облигацияларды шығару арқылы жүзеге асырылғандықтан, қаржыландыру тетігі республикалық бюджеттен жүктемені алып тастауға мүмкіндік берді.
- ◆ «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде экономиканың басым салаларын қолдау;
- ◆ қарыз алушылардың, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын қарыз алушылардың борыштық жүктемесін төмендету үшін ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру.

Екінші деңгейдегі банктердің кредит берудің револьверлік тетігіне көшуіне байланысты Автокөлік сатып алушыларға кредит беру бағдарламасын қаржыландыру аяқталды. Бұл 2019-2021 жылдар кезеңінде 9 мыңнан астам адамға 54,5 млрд теңге сомасына отандық өндіріс автомобильдерін сатып алуға мүмкіндік берді.

2022 жылдың басында Қазақстан тағы да жаңа сын-тегеуріндерге тап болды: энергия ресурстарын жеткізудегі бұзушылықтарға және бағаның жоғарылауына әкеп соқтырған елеулі геосаяси өзгерістер болды.

Сыртқы және ішкі инфляциялық қысымның өсуі жағдайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Банктің алдына елдің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету міндетін қойды, яғни Қазақстан орнықтылық қорының мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруы алдағы уақытта да өзекті болады.

Қорытындылай келе, Директорлар кеңесінің атынан ынтымақтастық пен серіктестік үшін алғысымды білдіргім келеді, сондай-ақ Қор корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарына және қызметті жүзеге асырудағы транспаренттілікке бағдарлана отырып, инвесторлармен, рейтингтік агенттіктермен, талдаушылармен және өзге де мүдделі тұлғалармен нәтижелі жұмыс істеу үшін әрдайым ашық қатынасқа дайын екенін атап өткім келеді.

**Құрметпен,**  
**ВИТАЛИЙ ТУТУШКИН**  
**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ**

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ



## ҚҰРМЕТТІ ИНВЕСТИТОРЛАР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

Сіздерге сәлем жолдай отырып, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының жылдық есебін назарларыңызға ұсынғым келеді.

2021 жылы Қор бекітілген бағдарламалар шеңберінде қаржылық орнықтылық пен баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі ҚР Ұлттық Банкінің стратегиялық міндеттерін одан әрі іске асыру мақсатында өз қызметін келесідей үш бағыт бойынша жүзеге асырды:

- ◆ банк секторының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету;
- ◆ нарықтық жағдайларда экономиканы дамытуды қаржылық қолдау шараларын іске асыру;
- ◆ тиімді және орнықты Қор құру.

2021 жыл ішінде банк секторы мен экономиканың қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу үшін Қор:

- ◆ ҚР банк секторының қаржылық тұрақтылығы бағдарламасын жүзеге асыруды және бұрын бөлінген мемлекеттік қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз етуді жалғастырды;
- ◆ қазақстандық бағалы қағаздар нарығын дамытуға елеулі үлес қосты, оған қатысушыларға инвестициялау үшін сапалы құрал ұсынып, жалпы сомасы 374 млрд. теңгеге облигациялар орналастыруды жүзеге асырды;

Нарықтық жағдайларда экономиканы дамытуға қаржылық қолдау көрсету мақсатында Қор:

- ◆ «7-20-25» бағдарламасы және «Баспана хит» НИБ бойынша 424 млрд теңге сомасына кредит беру көлеміне қол жеткізді, оның ішінде «7-20-25» бағдарламасы бойынша 187 млрд теңге сомасына шамамен 14 мың қарыз берді, «Баспана хит» НИБ бойынша шамамен 237 млрд теңге сомасына 22 мыңнан астам қарыз берді;
- ◆ «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде 1,2 мың жоба бойынша 910,3 млрд теңге сомасына, оның ішінде Қор қаражаты есебінен 169,9 млрд теңгеге қаржылық қолдау көрсетті;
- ◆ «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасын 100 млрд теңгеге қаржыландырды;
- ◆ Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы бойынша жалпы сомасы 1,1 трлн теңгеге 12 мыңға жуық жобаны мақұлдады;

- ◆ «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде «Шаңырақ» пилоттық жобасына қатысушыларға кредит беру үшін 120 млрд теңге бөлді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Қордың келесідей оң қаржылық көрсеткіштері бар:

- ◆ ROA – 4,35% (2020 жылмен салыстырғанда 3,5 есе өсім);
- ◆ ROE – 5,85% (2020 жылмен салыстырғанда 3,8 есе өсім).

Қордың таза табысы 161,2 млрд теңгені құрады (2020 жылмен салыстырғанда +129 млрд теңге).

Қор өз қызметінде ҚР Ұлттық Банкі қойған міндеттерді тиімді орындауға және сапалы қаржылық нәтижелерге қол жеткізуге ғана емес, сондай-ақ тұрақты даму және әлеуметтік экономикалық жауапкершілік қағидаттарына сәйкес болуға ұмтылады.

Сөзімнің соңында серіктестерге және Қордың бүкіл ұжымына жемісті ынтымақтастығы үшін алғысымды білдіргім келеді. Қор қаржылық тұрақтылыққа ықпал ете отырып, экономиканы қалпына келтіру және оны одан әрі тұрақты дамыту іс-шараларына белсенді қатыса отырып, өзінің миссиясы мен міндеттерін орындауды жалғастырады.

Құрметпен,  
ЕРБОЛАТ ОСПАНОВ  
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ



# ҚОР ТУРАЛЫ

# ҚОРДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

2014-2017 жылдары Қазақстан бюджеттің негізгі көздерін құрайтын энергия көздері мен шикізат тауарларына әлемдік бағаның қарқынды құлдырауына байланысты қаржылық дағдарысқа және оның салдарларына ұшырады.

Осының салдарынан банк секторының қаржылық жай-күйі едәуір нашарлады, бұл экономиканың кредит беру қарқынына теріс әсер етті, несие портфелі сапасының төмендеуінде және экономикалық өсу қарқынының баяулауында рөл атқарды. Халықаралық рейтингтік агенттіктер көптеген қазақстандық банктердің рейтингтері мен болжамдарын банктердің капиталдандыру, кірістілік және өтімділік көрсеткіштеріне қысымның ұлғаюына байланысты «Жағымсыз» деп қайта қарады.

Ірі банктердің қаржылық жағдайының одан әрі нашарлауына жол бермеу мақсатында 2017 жылғы 30 маусымда Мемлекет Басшысының Жолдауын орындау үшін ҚР Ұлттық Банкі ҚР банк секторының қаржылық орнықтылық бағдарламасын іске қосты. Оны жүзеге асыру үшін ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы №130 қаулысына сәйкес Қор құрылды.

2019 жылға қарай Банк секторының қаржылық орнықтылық бағдарламасы екінші деңгейдегі банктерге реттеушілік талаптар шеңберінде өз қаржылық көрсеткіштерін едәуір жақсартуға мүмкіндік берді: активтердің сапасы жақсарды, капиталдың бірқалыпты өсуі орын алды, бұл жәйт кредит беруді күшейту үшін алғышарттар жасады.

Кейіннен Қор елдің қаржылық тұрақтылығы үшін қажетті түрлі бағдарламалар мен экономиканы қолдау шараларын іске асыру үшін маңызды қаржы институтына айналды.

2019 жылғы 25 желтоқсанда ҚР Ұлттық Банкі тұлғасындағы Жалғыз акционер «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ-ны ипотекалық тұрғын үйге кредит беру бағдарламаларының операторы ретінде қоғам қызметінің түрлерін сақтай отырып Қорға қосу нысанында Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдады.

Қордың қазақстандық бағалы қағаздар нарығына орналастырумен байланысты жаңа қызмет түрі тиісті рейтингтер алуды талап етті. 2020 жылдың басында Fitch Ratings рейтингтік агенттігі Қорға «BBB» деңгейінде шетелдік және ұлттық валютадағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін (ЭДР) берді, болжам – «Тұрақты».

2021 жылғы 25 қаңтарда Fitch Ratings Қордың шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді ЭДР-ін «BBB» деңгейінде растады, болжам – «Тұрақты».

Қор өз қызметін ҚР Ұлттық Банкінің қаржылық орнықтылығы мен баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық міндеттері, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкі бекіткен бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырады.




Қордың миссиясы ҚР Ұлттық Банкінің стратегиялық міндеттері шеңберінде халықтың материалдық әл-ауқатын жақсарту және бизнес дамытуды қолдау болып табылады.

2020 жылы Қор 2020-2022 жылдарға арналған Даму тұжырымдамасын әзірледі, оның негізгі мақсаты – қаржы секторы арқылы Қазақстан халқының материалдық әл-ауқатын арттыру және бизнестің дамуын қолдау болып айқындалды.

## ҚОРДЫҢ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:



Қаржы жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ету



Нарықтық жағдайларда экономиканы дамыту бойынша қаржылық қолдау шараларын іске асыру



Тиімді және орнықты Қор құру

## ҚОРДЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Бағалы қағаздар түрі	Жай акциялар
ISIN бағалы қағаздары/IDR талап ету құқықтарының түрі, инвестициялық пай қорының атауы	ЖАЙ АКЦИЯЛАР KZ1C00008036
Бағалы қағаздардың мәртебесі	АЙНАЛЫМДА
Жарияланған бағалы қағаздардың саны	521 697 218
Орналастырылған бағалы қағаздардың саны	493 697 218
Орналастырылған және дауыс беретін бағалы қағаздардың саны	493 697 218
Орналастырылмаған акциялар саны	28 000 000
Эмитент сатып алған бағалы қағаздардың саны:	0
Ұстаушылар талап етпеген бағалы қағаздардың саны:	0
Бір акцияның номиналды құны	10 000 (он мың) теңге

Жалғыз акционер	«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі
Жалғыз акционерге тиесілі бағалы қағаздардың үлесі	100%
Акциялармен берілетін құқықтар:	1) ) «Мемлекеттік мүлік туралы» және «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңдарға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығы;
	2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дивидендтер алу құқығы;
	3) Қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алу құқығы.



# 2021 ЖЫЛҒЫ БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

1

«Баспана хит» НИБ бойынша кредит беру көлемін ұлғайту. Директорлар кеңесі «Баспана хит» НИБ шеңберінде кредит берудің және қарыздарды сатып алудың индикативтік көлемін 500 млрд теңгеден 600 млрд теңгеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылдады. Қор бұл көрсеткішке 2021 жылы қол жеткізді.

2

«Нұрлы жер» бағдарламасына қатысу.  
Қор «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында азаматтардың төлемге қабілетті сұранысын қолдау және оған қатысушыларға кредит беру үшін 120 млрд теңге сомасына «Шаңырақ» пилоттық жобасын қаржыландырды.

3

Қордың облигацияларды орналастыруы.  
Қор «7-20-25» бағдарламасын және «Баспана хит» НИБ қаржыландыру үшін жалпы сомасы 374 млрд теңгеге облигациялар орналастырды, бұл қазақстандық бағалы қағаздар нарығының дамуына елеулі үлес қосты.

4

Жалғыз акционерге дивидендтер төлеу. 2021 жылы Қор 2020 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтерді төлеуге 32,4 млрд теңге мөлшерінде Қордың таза табысын бағыттады. Бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 67 теңге 25 тиынды құрады.

5

Облигацияларды өтеу.  
Қор 170 млрд теңге сомасына облигацияларды уақтылы және толық көлемде өтеді.

Рейтингті растау.

Fitch Ratings Қордың шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді ЭДР-ін «BBB» деңгейінде растады, болжам – «Тұрақты».

6

7

Қордың ипотекалық нарықтағы үлесі.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Қордың ипотекалық портфелі екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық тұрғын үй қарыздарының жиынтық портфелінің 24,7%-ын құрап, 809 млрд теңгеден асты.

Қайта қаржыландыру бағдарламасы.

Қайта қаржыландыру бағдарламасы аясында 333 млрд теңге сомасына 50 810 қарыз алушы бар.

8

9

Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау.

Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікті кредит беру бағдарламасы аясында кәсіпорындарға 1 123,2 млрд теңге сомасында қолдау көрсетілді. Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы 2021 жылғы желтоқсанның соңында қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тоқтатылды.

«Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы» бағдарламасы аясында қаржыландырылған жобалардың көлемі.

«Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы» бағдарламасы аясында жалпы сомасы 800 млрд теңгеге жобалар қаржыландырылды.

10




# МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА ШОЛУ

# МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Қазақстандағы жалпы ішкі өнім 2021 жылы нақты мәнде өткен жылға қарағанда 4,0%-ға өсті және 81,3 трлн теңгені құрады. Жыл қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметтер секторында, нақты секторда және өңдеу өнеркәсібінде тұрақты өсу қарқыны байқалды.

2021 жылы ЖІӨ-нің өсуі, 2020 жылғы COVID-19 салдарынан экономиканың құлдырауынан кейін, көбінесе шағын және орта кәсіпкерлік пен халықты тұрақты қолдаумен байланысты болды. Бұл ретте сыртқы күйзелістерден болатын жағымсыз салдарларды барынша азайтуға бағытталған шаралар қабылданды.


## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМНІҢ ДИНАМИКАСЫ



Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы

2021 жылы іскерлік белсенділік индексі сондай-ақ 50.6 пунктке дейін өсуімен, негізінен құрылыс пен қызмет көрсету саласында қалпына келтірілген өсу есебінен байқалды.


## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК ИНДЕКСІ



Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі

2021 жылы Қазақстанда жылдық инфляция азық-түлік (+9,9%) және азық-түлік емес тауарлар (+8,5%) бағасының өсуі есебінен 8,4%-ға дейін артты.


## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰТЫНУ БАҒАЛАРЫ ИНДЕКСІНІҢ ДИНАМИКАСЫ (%)



Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы

2021 жылы жұмыссыз халықтың саны 448,8 мыңнан 449,6 мың адамға дейін өсті, жұмыспен қамтылған халықтың өсуі есебінен жұмыссыздық деңгейі өзгеріссіз 4,9% болып қалды.

## ЖҰМЫССЫЗДЫҚ САНЫ ЖӘНЕ ДЕҢГЕЙІ




Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы

# БАНК СЕКТОРЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2021 жылдың соңында Қазақстанда 22 екінші деңгейдегі банк жұмыс істеді. Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық активтері өткен жылы 20,7%-ға ұлғайып, 37,6 трлн теңгені құрады. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жиынтық активтер құрылымында ең үлкен үлесті (53,7%) екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелі құрады, ол 15,8 трлн теңгеден 20,2 трлн теңгеге дейін ұлғайды.

## ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДІҢ АКТИВТЕРІ МЕН НЕСИЕЛІК ПОРТФЕЛІНІҢ ДИНАМИКАСЫ (МЛРД ТЕҢГЕ)




Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі

Екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфеліндегі ең үлкен үлесті (49,7%-ға дейін) жеке тұлғаларға берілген қарыздар алады.

2022 жылғы 1 қаңтарда жеке тұлғаларға берілген қарыздар көлемі 7,1 трлн теңгеден 10,0 трлн теңгеге дейін ұлғайды, ал заңды тұлғаларға берілген қарыздар көлемі (шағын және орта кәсіпкерлікті қоспағанда) 3,8 трлн теңгеден 3,7 трлн теңгеге дейін төмендеді. ШОК-ке берілген қарыздар көлемі 4,2 трлн теңгеден 5,5 трлн теңгеге дейін өсті.




## ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДІҢ КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (%)



Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі

2021 жылы жиынтық банктік міндеттемелер 27,2 трлн теңгеден 33,1 трлн теңгеге дейін өсті. Банктер міндеттемелерінің құрылымында 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша клиенттердің салымдары 78,6%-ды, яғни 26,0 трлн теңгені құрады, оның ішінде жеке тұлғалар салымдарының көлемі – 13,4 трлн теңге немесе 51,6%, заңды тұлғалар салымдарының көлемі – 12,6 трлн теңге немесе 48,4%.

## ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДІҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ МЕН САЛЫМДАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ (МЛРД ТЕҢГЕ)



Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі

Қор ұдайы негізде Қор бағдарламаларын іске асыру шеңберінде ағымдағы іс-шараларды қалыптастыру үшін Қазақстанның банктік және қаржылық нарығына мониторинг жүргізеді.



**НЕГІЗГІ  
КӨРСЕТКІШТЕР**

# ҚОРДЫҢ БАСТЫ МАҚСАТТАРЫН ОРЫНДАУ

Қор 2021 жылы мынадай басты көрсеткіштерге қол жеткізді:

КӨРСЕ	2020 жыл (факт)	2021 жыл (жоспар)	2021 жыл (факт)	Жоспарды орындау		2020 жылғы фактіге динамика		
				Сомасы	%	Сомасы	%	
Қаржы жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ету								
Екінші деңгейдегі банктерді сауықтыруға, оның ішінде Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы шеңберінде қатысу	1415	1433	1433	-	100%	+18	+1%	
Облигацияларды шығару және орналастыру есебінен қаржыландыруды тарту	881	1255	1255	-	100%	+374	+42%	
Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы*	247	286	286	-	100%	+39	+16%	
Нарықтық жағдайларда экономиканы дамыту бойынша қаржылық қолдау шараларын іске асыру								
Екінші деңгейдегі банктердің «7-20-25» бағдарламасы бойынша ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беруі (оның ішінде «Баспана хит» НИБ бойынша)	632	1043	1056	+13	101%	+424	+67%	
«7-20-25» бағдарламасы бойынша ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын сатып алу (оның ішінде «Баспана хит» НИБ бойынша)	587	1020	1020	-	100%	+433	+74%	
«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы	140	155	155	-	100%	+15	+11%	

\*Қатысушы банктердің 2021 жылғы есептеріне сәйкес.

КӨРСЕТКІШТЕР	2020 жыл (факт)	2021 жыл (жоспар)	2021 жыл (факт)	Жоспарды орындау		2020 жылғы фактіге динамика	
				Сомасы	%	Сомасы	%
Отандық өндірістің жеңіл автокөліктерін сатып алушыларға кредит беру бағдарламасы	40	40	40	-	100%	-	-
Тұрғын үй- коммуналдық дамудың «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын қаржыландыру	270	390	390	-	100%	+120	+44%
Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы	748	779	779	-	100%	+31	+4%
«Жұмыспен қамтудың жылдарға 2020-2021 арналған Жол картасы» бағдарламасы	700	800	800	-	100%	+100	+14%

2021 жыл ішінде Қор 2020-2022 жылдарға арналған өзінің Даму тұжырымдамасына сәйкес келесілерге бағытталған негізгі стратегиялық бағыттарды белсенді іске асырды:

- ◆ қаржы жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ету;
- ◆ нарықтық жағдайларда экономиканы дамыту бойынша қаржылық қолдау шараларын іске асыру;
- ◆ тиімді және орнықты Қор құру.

Қазақстан Республикасы Президентінің дағдарысқа қарсы шараларды қаржыландыру жөніндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп, 2021 жылы экономиканы қолдау, іскерлік белсенділікті және халықтың жұмыспен қамтылуын ынталандыру үшін іс-шаралар кешенін іске асыруды жалғастырды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Қордың негізгі стратегиялық бағыттарында келесі үрдістер байқалды:

### **ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ**

2021 жылы Қор 374 млрд теңге (100%) сомасына облигациялар орналастырды және бұрын шығарылған облигациялар бойынша 170 млрд теңге сомасына міндеттемелерді өтеді.

### **ИПОТЕКАЛЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАРЫЗДАРЫН (ИПОТЕКАЛЫҚ ҚАРЫЗДАРДЫ) ҚАЙТА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қор 2021 жылы Қайта қаржыландыру бағдарламасына қатысуын жалғастырды, негізінен Бағдарламаның 2-1 бөлімі шеңберінде жалпы сомасы 39 млрд теңгеге қайта қаржыландыру жүзеге асырылды, жоспардың орындалуы 100%-ды құрайды.

### **«7-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫ (ОНЫҢ ІШІНДЕ «БАСПАНА ХИТ» НИБ)**

Екінші деңгейдегі банктердің «7-20-25» бағдарламасы бойынша (оның ішінде «Баспана хит» НИБ бойынша) ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беруі 2021 жылы 424 млрд теңге сомаға немесе 36 217 қарызға (жоспардың орындалуы 101%-ға өсу қорытындысымен) жүзеге асырылды, бұл 2020 жылдың көрсеткішінен 67%-ға артық.

Қор «7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламаларына сәйкес ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын сатып алу арқылы тұрғын үй нарығына жалпы сомасы 433 млрд теңгеге ұзақ мерзімді кредит беруді қамтамасыз ету бойынша жұмысын жалғастырды (жоспардың орындалуы 100%).

### **«ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ**

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша жоспардың орындалуы 100%-ды құрайды. 2020 жылмен салыстырғанда өсім +15 млрд теңге.

### **КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТИЛЕРІНЕ ЖЕҢІЛДІКПЕН КРЕДИТ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы шеңберінде елде төтенше жағдай режимін енгізу және шектеу шаралары нәтижесінде зардап шеккен кәсіпорындарға қолдау көрсетілді. Осы Бағдарлама бойынша өсім 2021 жылы 31 млрд теңгені құрады, жоспардың орындалуы 100%.

### **«НҰРЛЫ ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қор 390 млрд теңге бөлді, оның ішінде: жергілікті атқарушы органдардың кредиттік тұрғын үй құрылысына 180 млрд теңге, «Шаңырақ» пилоттық жобасы бойынша жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрғандарға кредит беруге 210 млрд теңге бөлді, бұл жоспардың 100% орындалғанын білдіреді.

### **«ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ 2020-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖОЛ КАРТАСЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ**

Осы Бағдарлама бойынша дағдарысқа қарсы шараларды қаржыландыру шеңберінде 2021 жылы Қор 100 млрд теңге сомасына қолдау көрсетті, жоспардың орындалуы 100%-ды құрады. «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыру басталғалы бері барлығы 800 млрд теңге бөлінді.

# ҚОРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

КӨРСЕТКІШТЕР	Өлш. бірл.	2020 жылдағы факт	Жоспар	2021 жыл			2020 жылғы фактіге динамика	
				Факт	Орындау		△	%
					△	%		
Активтер	млрд теңге	3 377	3 696	3 706	10	100,3%	+329	+10%
Меншікті капитал	млрд теңге	2 648	2 745	2 754	9	100,3%	+106	+4%
Қарыз капиталы	млрд теңге	729	951	952	1	100,1%	+223	+31%
EBITDA		36,6	174,6	176,3	1,7	101,0%	+140	3,8 есе
Таза кіріс		32,4	155,4	161,2	5,8	103,7%	+129	4,0 есе
ROA	%	0,96	4,2	4,35	0,15	103,6%	+3,4	3,5 есе
ROE	%	1,22	5,66	5,85	0,19	103,4%	+4,6	3,8 есе
ROS	%	5,87	45,79	47,21	1,42	103,1%	+41,3	7,0 есе

2021 жылдың қорытындысы бойынша Қордың келесідей оң қаржылық көрсеткіштері бар:

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтердің жиынтық мөлшері 3 706 млрд теңгені құрады (2020 жылмен салыстырғанда +10%);

меншікті капитал 2 754 млрд теңге (2020 жылмен салыстырғанда +4%);

міндеттемелер 952 млрд теңге (2020 жылмен салыстырғанда +31%).

2020 жылға қарағанда 2021 жылы көрсеткіштердің өсуі басты көрсеткіштерде көрсетілген Қордың стратегиялық бастамалары шеңберіндегі бағдарламаларды іске асырумен байланысты.

2021 жыл үшін активтер мөлшері бойынша жоспардан нақты ауытқу қаржылық активтерді жағымды жағына қарай қайта бағалауға негізделген.

#### АҒЫМДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖЫЛЫНДАҒЫ ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ:

- ROA 4,35% (өсім 2020 жылмен салыстырғанда 3,5 есе); ROE
- 5,85% (өсім 2020 жылмен салыстырғанда 3,8 есе); ROS
- 47,21% (өсім 2020 жылмен салыстырғанда 7 есе).

2020 жылға қарағанда тиімділік көрсеткіштерінің өсуі таза кірістің 129 млрд теңгеге ұлғаюына байланысты.

2021 жылы Қордың таза табысы 161,2 млрд теңгені құрады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір акцияның баланстық құны 5 578 теңгені, бір акцияға базалық пайда 329 теңгені құрады.

Жоспармен салыстырғанда тиімділік көрсеткіштерінің өсімі активтер мен капитал сомасы сол деңгейде болған кезде таза кірістің 3,7%-ға ұлғаюына негізделген.

Қордың Жалғыз акционері шешімінің негізінде:

- ◆ 2020 жылы 2019 жыл үшін 27,7 млрд теңге мөлшеріндегі таза табыс дивидендтер төлеуге бағытталды;
- ◆ 2021 жылы 2020 жыл үшін 32,4 млрд теңге мөлшеріндегі таза табыс дивидендтер төлеуге бағытталды;
- ◆ 2022 жылы 2021 жылдағы таза табыс 161,2 млрд теңгені құрады және стратегиялық міндеттерді іске асыру үшін Қордың иелігінде қалды.



# ҚОР БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ



# ҚР БАНК СЕКТОРЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ РЕАЛИЗАЦИЯ

ҚР банк секторының қаржылық орнықтылығы бағдарламасының негізгі мақсаттары банк секторының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, экономиканың нақты секторына кредит беруді қалпына келтіру, экономика мен халыққа банк қызметтерін үздіксіз көрсетуді жүзеге асыру, сондай-ақ банк секторының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Коронавирустық инфекция пандемиясы және әлемдік дағдарыстардың салдарымен байланысты экономикалық жағдайдың нашарлауы кезеңінде 2021 жылы Қор ҚР банк секторының қаржылық орнықтылығы бағдарламасын іске асыруды, сондай-ақ бұрын бөлінген мемлекеттік қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз етуді жалғастырды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚР банк секторының қаржылық орнықтылығы бағдарламасына қатысатын екінші деңгейдегі банктердің қаржылық орнықтылығының негізгі көрсеткіштері келесідей оң динамиканы көрсетті:

- ◆ екінші деңгейдегі банктердің жиынтық активтері 7,0%-ға өсті;
- ◆ жиынтық меншікті капитал 8,7%-ға өсті;
- ◆ кредиттік портфельдің сапасы бойынша оң үрдіс байқалады, 2021 жылы екінші деңгейдегі банктер бойынша мерзімі өткен берешектің жиынтық көлемі 45,7%-ға төмендеді.

ҚР банк секторының қаржылық орнықтылығы бағдарламасының барлық қатысушылары 2021 жыл ішінде пруденциалдық нормативтер бойынша талаптарды орындады (Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі).



## ИПОТЕКАЛЫҚ ҚАРЫЗДАРДЫ ҚАЙТА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

Қор 2021 жылы қарыз алушылардың (кепіл берушілердің) жалғыз тұрғын үйін сақтау, қарыз алушыларға қарыз алушының берешегін азайтуға және проблемалық қарыздар үлесін азайтуға жәрдем көрсету, сондай-ақ қарыз алушының меншігіне банк балансында тұрған жалғыз тұрғын үйді қайтару және ипотекалық қарыз алушылардың, оның ішінде ХӘОТ-қа жататын қарыз алушылардың борыштық жүктемесін жеңілдету мақсатында қайта қаржыландыру бағдарламасын іске асыруға қатысуды жалғастырды.

### 1-БӨЛІМ

Бағдарламаның 1-бөлімінің талаптарына сәйкес жалпы сомасы 180,2 млрд теңгеге 30 777 қарыз алушы қайта қаржыландырылды, оның ішінде бұрын қайта қаржыландырылған қарыздарды өтеуден түскен ақша есебінен (револьверлік тетікті ескерумен) 52,6 млрд теңгеге 7 349 қарыз қайта қаржыландырылды. 2021 жылы 1-бөлім шеңберінде жалпы сомасы 12,2 млрд теңгеге 1 308 қарыз, оның ішінде 9,9 млрд теңге сомасына 1 049 ХӘОТ қарызы қайта қаржыландырылды.

2021 жылы Қор қарыз алушылардың/кепілгердің/кепіл берушінің заңды күшіне енген сот актілерінде көрсетілген мемлекеттік баждарының сомалары бойынша, сондай-ақ жалпы сомасы 3,1 млрд теңгеге шетел валютасындағы қарыздарды қайта қаржыландыру кезінде туындаған бағамдық айырманың сомалары бойынша талаптарды өтеп берді.

## 2-БӨЛІМ

Бағдарламаның 2-бөлімі бойынша 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 109 554,9 млн теңге сомасына 15 016 қарыз алушы қайта қаржыландырылды, оның ішінде 2021 жылы Қайта қаржыландыру бағдарламасының 2-бөлімі бойынша жалпы сомасы 1 923,6 млн теңгеге 134 қарыз қайта қаржыландырылды.

2021 жылы қарыз алушылардың/кепілгердің/кепіл берушінің заңды күшіне енген сот актілерінде көрсетілген мемлекеттік баждарының сомалары бойынша жалпы сомасы 90,7 млн теңгеге талаптар өтелді.

## 2-1 БӨЛІМ

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2-1 бөлім бойынша 5 017 ипотекалық қарыз алушыға 43,2 млрд теңге сомасында қосымша көмек көрсетілді.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ұсынылған есептерге сәйкес Қайта қаржыландыру бағдарламасының 2-1 бөлімінің қайта қаржыландырылған қарыздары бойынша өтелген талаптардың жалпы сомасы 14,4 млрд теңгені құрады.

2021 жылы 2-1 бөлім бойынша жалпы сомасы 34,7 млрд теңгеге 3 852 қарыз бойынша қосымша көмек көрсетілді, оның ішінде 32,8 млрд теңге сомасына 3 696 ХӘОТ қарызы.

2021 жылы қарыз алушылардың/кепілгердің/кепіл берушінің заңды күшіне енген сот актілерінде көрсетілген мемлекеттік баждарының сомасы бойынша жалпы сомасы 14,9 млн теңгеге талаптар өтелді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша жалпы сомасы 333 млрд теңгеге 50 810 қарыз алушы қайта қаржыландырылды. Салыстырып тексеру актілері бойынша 2021 жылдың аяғында 286,3 млрд теңге немесе бекітілген жоспардың 100%-ы бөлінді.



# ИПОТЕКАЛЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙГЕ КРЕДИТ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

«7-20-25» бағдарламасын ҚР Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» деген халыққа Үндеуінде айтылған «Әрбір отбасы үшін тұрғын үй сатып алудың жаңа мүмкіндіктері» бірінші бастамасының міндеттерін іске асыру мақсатында 2018 жылы бекітті, оның шеңберінде азаматтарға бастапқы нарықта тұрғын үй сатып алу үшін ипотекалық тұрғын үй қарыздары беріледі.

«7-20-25» бағдарламасының негізгі талаптары:

- ◆ ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша жылдық номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 7%;
- ◆ бастапқы жарна кепілмен қамтамасыз ету құнының 20%-ынан жоғары мөлшерде айқындалған; ипотекалық тұрғын үй қарызының мерзімі – 25 жылға дейін.

Сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғары құны:


- ◆ Нұр-Сұлтан, Алматы (қала маңы аймақтарын қоса алғанда), Ақтау, Атырау, Шымкент қалалары үшін – 25 млн теңге;  
Қарағанды қаласы үшін – 20 млн теңге;
- ◆ Басқа өңірлер үшін – 15 млн теңге.

«Баспана хит» НИБ ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 123 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй нарығында ұзақ мерзімді кредит беруді ынталандыру тәсілдемелеріне сәйкес Қазақстан халқына бастапқы нарықта да (дайын және үлестік қатысу шеңберінде салынып жатқан), сол сияқты қайталама нарықта да тұрғын үй сатып алуға ипотекалық қарыздар беру үшін іске қосылды.

«Баспана хит» НИБ негізгі талаптары: қарыз бойынша сыйақының жылдық номиналды мөлшерлемесі = ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + 175 базистік пункт; сатып алынатын тұрғын үйдің нарықтық құнының 20%-ынан жоғары мөлшердегі бастапқы жарна; қарыз мерзімі - 15 жылға дейін.

2021 жылғы маусымда Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен «Баспана хит» НИБ талаптарына толықтырулар енгізілді, оларға сәйкес:

- ◆ Қордың қарыздарды мерзімінен бұрын өтеуден түсетін ақшаны жаңадан берілген қарыздар бойынша талап ету құқықтарын сатып алуға пайдалану мүмкіндігі іске асырылды;
- ◆ 2021 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін жасалған банктік қарыз шарттары.



«БАСПАНА ХИТ» НИБ ШЕҢБЕРІНДЕ ХАЛЫҚҚА КРЕДИТ БЕРУ  
2021 ЖЫЛЫ КРЕДИТ БЕРУДІҢ ИНДИКАТИВТІК КӨЛЕМІНЕ  
ҚОЛ ЖЕТКІЗУ СЕБЕБІНЕН АЯҚТАЛДЫ.

2021 ЖЫЛЫ «7-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ «БАСПАНА  
ХИТ» НИБ ШЕҢБЕРІНДЕ КЕЛЕСІ АТАЛҒАН 9 БАНК ҚАРЫЗ  
БЕРДІ:

- ◆ «Банк ЦентрКредит» АҚ;
- ◆ «АТФБанк» АҚ;
- ◆ «Jysan bank» АҚ;
- ◆ «Bank RBK» АҚ;
- ◆ «Еуразиялық банк» АҚ;
- ◆ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ;
- ◆ «ForteBank» АҚ;
- ◆ «Сбербанк России» АҚ ЕБ;
- ◆ «Altyn Bank» АҚ.

БАНКТЕР «7-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ «БАСПАНА  
ХИТ» НИБ АЯСЫНДА БІР ЖЫЛДА БЕРГЕН ҚАРЫЗДАР

424,7 млрд теңге сомасына 36 217 қарыз, бұл 2020 жылдың  
көрсеткішінен 21,5%-ға артық.

- ◆ Атап айтқанда, «7-20-25» бағдарламасы бойынша 187,3  
млрд теңгеге 13 971 қарыз.
- ◆ «Баспана хит» НИБ бойынша - 237,3 млрд теңге сомаға  
22 246 қарыз.

## «7-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ «БАСПАНА ХИТ» НИБ ШЕҢБЕРІНДЕ ӨҢІРЛЕР БӨЛІНІСІНДЕ ҚАРЫЗДАР БЕРУ КӨЛЕМІ

Өңір	2020 жыл		2020 жыл	
	Беру көлемі, млн теңге	Үлес, %	Беру көлемі, млн теңге	Үлес, %
Алматы қ.	62 525	17,90%	83 069	19,56%
Шымкент қ.	13 875	4,00%	17 508	4,12%
Ақмола облысы	10 547	3,00%	11 126	2,62%
Ақтөбе облысы	14 177	4,10%	13 036	3,07%
Алматы облысы	6 791	1,90%	7 109	1,67%
Атырау облысы	7 350	2,10%	11 398	2,68%
Шығыс Қазақстан облысы	23 629	6,80%	19 557	4,60%
Жамбыл облысы	5 907	1,70%	4 842	1,14%
Батыс Қазақстан облысы	10 828	3,10%	9 353	2,20%
Қарағанды облысы	32 610	9,30%	37 816	8,9%
Қостанай облысы	12 485	3,60%	11 708	2,76%
Қызылорда облысы	3 613	1,00%	3 166	0,75%
Маңғыстау облысы	10 994	3,10%	9 612	2,26%
Павлодар облысы	11 784	3,40%	11 250	2,65%
Солтүстік Қазақстан облысы	7 888	2,30%	5 169	1,22%
Түркістан облысы	26	0,00%	983	0,23%
<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>349 680</b>	<b>100%</b>	<b>424 694</b>	<b>100%</b>

Қордың «7-20-25» бағдарламасының және «Баспана хит» НИБ операторы ретіндегі қызметі бағдарламаларға қатысушы банктер берген ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтарын сатып алу болып табылады, бұл халыққа одан әрі кредит беру үшін қатысушы банктерге кредиттік ресурстарды қайтаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2021 жылы Қор қатысушы банктер берген 37 958 қарыз бойынша 433,5 млрд теңге сомаға талап ету құқығын сатып алды, оның ішінде «7-20-25» бағдарламасы бойынша 182,4 млрд теңгеге 13 879 қарыз, «Баспана хит» НИБ бойынша 250,8 млрд теңгеге 24 079 қарыз сатып алынды.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қордың ипотекалық портфелі 809,1 млрд теңгеден немесе екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық тұрғын үй қарыздарының жиынтық портфелінің 24,7%-ынан асты.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Қордың ипотекалық портфелін талдауға сәйкес сатып алынатын тұрғын үйдің орташа құны 16,3 млн теңгені құрады, орташа аудан – 64,3 шаршы метр. 2021 жылы кредиттің орташа сомасы 12,5 млн теңгені құрады.

Портфель бойынша қарыз алушының орташа табысы 321,5 мың теңге болғанда ай сайынғы төлемнің орташа мөлшері – 104,3 мың теңге.

## ЭКОНОМИКАНЫҢ БАСЫМ ЖОБАЛАРЫН ДАМУДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

ҚР Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауына сәйкес ҚР Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешенде қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау үшін 2018-2021 жылдары екінші деңгейдегі банктерге қаржыландыру ұсынуды көздейтін Басым жобаларға кредит беру тетігі әзірленді. ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 979 қаулысымен тетікті іске асыру мерзімі 2022 жылдың соңына дейін ұзартылды.

Басым жобаларға кредит берудің осы тетігінің талаптарына сәйкес ҚР Ұлттық Банкі меншікті қаражаты және оның басқаруындағы қаражат есебінен жылдық 11%-ға дейінгі кірістіліктің жиынтық мөлшерлемесі бойынша өтеу мерзімі 10 жылға дейін 1 трлн теңгеге дейінгі сомаға екінші деңгейдегі банктер мен АКК облигацияларын сатып алуды жүзеге асырады.

2021 жылы Қор экономиканың басым жобаларын дамыту және қолдау мақсатында өңдеу өнеркәсібі, агро-өнеркәсіп кешені және басқа да маңызды секторлар саласында «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша салаларды дамытуға қатысуды жалғастырды.

Осылайша, есепті жылы Қор жалпы сомасы 29,9 млрд теңгеге екінші деңгейдегі банктер мен АКК облигацияларын сатып алды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы Басым жобаларға кредит беру тетігі бойынша екінші деңгейдегі банктер 910,3 млрд теңге сомаға 1 203 жобаны, оның ішінде Қордың қаражаты есебінен 169,9 млрд теңгеге қаржыландырды.

## АВТОКӨЛІК САТЫП АЛУШЫЛАРҒА КРЕДИТ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы №141 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ҚР Ұлттық Банкі арасындағы 2019 жылға арналған макроэкономикалық саясат шараларын үйлестіру туралы келісімде көзделген экономиканы дамытуды қаржылық қолдау шараларын іске асыру мақсатында ҚР Ұлттық Банкі 2019 жылғы 31 мамырда автокөлік сатып алушыларға кредит беру бағдарламасын бекітті.

Автокөлік сатып алушыларға кредит беру бағдарламасының талаптарына сәйкес отандық өндірістегі жеңіл автокөлік сатып алушыларына кредит беру үшін қарыз тетігі арқылы екінші деңгейдегі банктерді қаржыландыру мақсатында Қор 2019-2023 жылдар ішінде жыл сайын 20 млрд теңгеге дейінгі сомаға «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ облигацияларын сатып алады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 24 мамырдағы № 56 қаулысымен №79 қаулының күші жойылды және қолданыстағы автокредиттерді өтеуден түскен қаражат есебінен автокөлік сатып алушыларға кредит беру келісілді.

Автокөлік сатып алушыларға кредит беру бағдарламасы шеңберінде қарыз алушылар үшін автокредит беру параметрлері:

- ◆ номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 4,0%-дан аспайды;
- ◆ автокредит беру мерзімі – 7 жылдан аспайды;
- ◆ қарыз валютасы – теңге;
- ◆ сатып алынатын автокөліктің ең жоғары құны – 15 млн теңгеден аспайды.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Автокөлік сатып алушыларға кредит беру бағдарламасы іске қосылғаннан бері екінші деңгейдегі банктер жалпы сомасы 54,5 млрд теңгеге, оның ішінде револьверлік тетік есебінен 14,5 млрд теңгеге отандық құрастырылған автомобильдерді сатып алуға 9 332 қарыз берді.



## 2020-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

2021 жылы Қор әлеуметтік, инженерлік-көліктік инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететін елді мекендерді абаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 55-ө өкімімен бекітілген 2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту жол картасын қаржыландыруды жалғастырды.

2021 жылдың қазан айында Қор Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасына сәйкес жобаларды қаржыландыру үшін 100 млрд теңге сомасына «Бәйтерек» ҰБХ облигацияларын сатып алды, оның 50 млрд теңгесі инфрақұрылымды дамытуды қаржыландыруға және 50 млрд теңгесі агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды қаржыландыруға бағытталды.

Жалпы, Жұмыспен қамтудың жол картасы бойынша жергілікті атқарушы органдар мен «Бәйтерек» ҰБХ еншілес ұйымдары 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 752,1 млрд теңгеге жобаларды іске асырды.

## КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНЕ ЖЕҢІЛДІКПЕН КРЕДИТ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы», 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Жарлықтарына сәйкес шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау шараларын іске асыру мақсатында 2020 жылғы 19 наурызда ҚР Ұлттық Банкінің Басқармасы кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасын бекітті.

Кәсіпкерлікке жеңілдікпен кредит беру бағдарламасын жүзеге асыру мерзімі 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленді. Кәсіпкерлікке жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы бойынша екінші деңгейдегі банктер мен АҚК қаржыландыруының жалпы көлемі 800 млрд теңгені құрайды. Осы мақсаттар үшін Қор шартты салымды екінші деңгейдегі банктерге орналастырады және АҚК облигацияларын сатып алуды жүзеге асырады.

## ҚОР ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДЕ ОРНАЛАСТЫРҒАН САЛЫМНЫҢ НЫСАНАЛЫ МАҚСАТЫ

төтенше жағдайды енгізуден зардап шеккен кәсіпкерлік субъектілеріне 12 айдан аспайтын мерзімге айналым қаражатын толықтыруға кредиттер беру және кредит желілері шеңберінде қаржыландыру. Банк секторы активтерінің сапасын тәуелсіз бағалаудан (AQR) өткен екінші деңгейдегі банктер қатысуға жіберіледі.

## ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ АКК ТАРТҚАН АҚШАНЫҢ НЫСАНАЛЫ МАҚСАТЫ

төтенше жағдайды енгізуден зардап шеккен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешенде өндіру және қайта өңдеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлерге кредит желілері шеңберінде айналым қаражатын толықтыруға 12 айдан аспайтын мерзімге кредиттер беру және қаржыландыру.

Ақша қаражаты кәсіпкерлік субъектілеріне 12 айға дейінгі мерзімге жылдық 8% сыйақы мөлшерлемесі бойынша қарыздар беруге (қаржыландыруға) бағытталды.

Бір қарыз алушыға лимит:

- ◆ заңды тұлғалар – шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін – 3 млрд теңгеден артық емес;
- ◆ жеке кәсіпкерлер үшін – 50 млн теңгеден артық емес;
- ◆ заңды тұлғалар – ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін – 6 млрд теңгеден артық емес.

Айналым қаражатын толықтыруға арналған кредит қарыз алушының банктік шотына аударылады және қарыз алушы қолма-қол ақшасыз тәсілмен тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге ақы төлеуді, салықтар төлеуді және бюджетке басқа да төлемдерді, жалақы төлеуді жүзеге асырады.



## ӨҢІРЛЕР ЖӘНЕ САЛАЛАР БОЙЫНША КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТИЛЕРІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Салалар бойынша, млрд теңге



Жалпы 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Кәсіпкерлікке жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы шеңберінде:

- ◆ Қор 1 544 кәсіпкерлік субъектісінен (48 ірі кәсіпкерлікті, 1 263 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісін және 233 жеке кәсіпкерді қоса алғанда) жалпы сомасы 1 123,2 млрд теңгеге 11 785 кредиттік өтінімді қаржыландыруға мақұлдады;
- ◆ Көмек көрсетілген кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жалпы саны 96 мыңнан асты.

Өңірлер бойынша, млрд теңге



## «НҰРЛЫ ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ХАЛЫҚТЫ ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ҚОСЫМША ШАРАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша «Шаңырақ» пилоттық жобасының қатысушыларын Отбасы банк арқылы кредит беруді қаржыландыру мақсатында Қор «Бәйтерек» ҰБХ-ға облигациялық қарыз шеңберінде бар-жоғы 210 млрд теңге, оның ішінде 2021 жылдың сәуір айында 120 млрд теңге бөлді.


2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бөлінген қаражат есебінен Отбасы банк бастапқы нарықта тұрғын үй сатып алуға жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрғандарға жалпы сомасы 165,2 млрд теңгеге кредит берді.

May

Sep

2018

# ТИІМДІ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ҚОР ҚҰРУ



# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қордың миссиясы – ҚР Ұлттық Банкінің стратегиялық міндеттері шеңберінде халықтың материалдық әл-ауқатын жақсарту және бизнестің дамуын қолдау.

Дәл осы себепті корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік маңызды этикалық қағида болып табылады және Қор қызметкерлерінің қызметін жүзеге асыруда, сондай-ақ шешімдер қабылдау процесінде маңызды рөл атқарады.

Тиісінше, Қор бос жұмыс орындарына үміткерлер үшін тең мүмкіндіктер береді, қызметкерлерге лайықты еңбекақы төлеуді қамтамасыз етеді, әрбір қызметкерге өз білімін қолдануға, дағдыларын дамытуға және құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді, еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ еңбек заңнамасы талаптарының, оның ішінде жанжалды жағдайларды шешу кезінде сақталуын қолдайды.


2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор қызметкерлерінің нақты саны 89 адамды құрады:

Жынысы бойынша:	
ер қызметкерлер	46 адам
әйел қызметкерлер	43 адам
Қызметкерлердің орташа жасы-36,4 жас:	
30 жасқа дейін	14 қызметкер
30 – 49 жас	66 қызметкер
50 жастан жоғары	9 қызметкер

2021 жылы Қордың бос жұмыс орындарына 16 қызметкер қабылданып, қызметкерлердің өз бастамасы бойынша 24 қызметкер жұмыстан шығарылды. Бала 3 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс ресімдеген қызметкерлердің саны 1 адамды құрады:

- ◆ ерлер - 0,
- ◆ әйелдер - 1.

## 2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚОРДА МЫНАДАЙ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ ЖҰМЫС ІСТЕДІ



Қор қызметкеріне лауазымдық еңбекақының мөлшері жүктелген лауазымдық міндеттері, жауапкершілік деңгейі, біліктілігі мен қажетті білімі негізге алына отырып белгіленеді.

Қор қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу лауазымдық еңбекақыны, қызметкерлер еңбегінің тиімділігін ынталандыруға арналған сыйақы болып табылатын сыйлықақыларды, лауазымдарды қоса атқарғаны үшін, қызмет көрсету аймағын кеңейткені үшін, уақытша болмаған қызметкер міндеттерін атқарғаны (алмастырғаны) үшін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген қосымша ақыны, үстеме жұмыс, мереке және демалыс күндеріндегі жұмыс, түнгі уақыттағы жұмыс үшін ақы төлеуді, демалыс күндеріне және бос тұрып қалу уақытына ақы төлеуді көздейді.

Қор қызметкерлерін әлеуметтік қолдау қаржылық көмекті – Қордың актілерінде белгіленген төлемдерді және қызметкерлерді ауырған жағдайда ерікті медициналық сақтандыруды көздейді.

Бұл шарттар барлық қызметкерлерге қолданылады. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану мәселелері бойынша жұмыскер (жұмыскерлер) мен жұмыс берушінің арасындағы ықтимал келіспеушіліктерді шешу үшін Қорда тараптардың әрқайсысынан екі адамнан жұмыскерлер өкілдерінің тең санынан және жұмыс берушінің тең санынан тұратын келісу комиссиясы жұмыс істейді.

Еңбек құқықтарын бұзғаны үшін жұмыскерлер тарапынан шағымдар (өтініштер) тіркелген жоқ.

Қашықтықтан жұмыс істеу жағдайында ұжымның тұтастығын сақтау және командалық жұмыстың тиімді деңгейін сақтау үшін «ҚОҚ People» ішкі журналының 6 шығарылымы басылды, онда Қор қызметкерлерімен олардың Қорды дамытуға қосқан үлесі, жетістіктері мен табыстары туралы, хобби, өмірлік құндылықтары мен қағидаттары туралы сұхбаттар жарияланды.

## ҚОР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІК ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ ҮШІН:

- ◆ қызметкерлердің жүктелген міндеттерді тиімді орындауы үшін қажетті негізгі құзыреттерін дамытуға бағытталған ішкі оқыту, «ҚОҚ білім» онлайн-вебинарлары, оның шеңберінде Қор қызметкерлері әріптестерімен өз тәжірибелерімен және білімдерімен бөлісті;
- ◆ біліктілікті арттыруға және кәсіби білімді жетілдіруге бағытталған сыртқы оқыту;
- ◆ ішкі электрондық кітапхана, онда Қор қызметкерлерінің ұсынымдары бойынша экономика, бизнес, жеке тиімділікті арттыру бағытында қызықты, пайдалы әдебиеттер орналастырылған.

Қордың басшы қызметкерлерін дамыту мақсатында басқарушылық құзыреттердің даму деңгейіне жыл сайынғы бағалау жүргізілді, оның нәтижесінде бір жылға арналған жеке даму жоспарлары жасалды.



# ІСКЕРЛІК ӘДЕП

Қордың Корпоративтік әдеп кодексі корпоративтік мәдениетті қолдау мен тәрбиелеуге, Қордың барлық қызметкерлері стратегиялық маңызды шешімдер қабылдау кезінде де, күнделікті жағдайларда да өз қызметінде басшылыққа алатын негізгі құндылықтарды, қағидаттар мен қағидаларды бекітуге бағытталған.

Қор қызметкерлерінің көзқарастары мен іс-әрекеттерінің бірлігін қалыптастыратын корпоративтік құндылықтар корпоративтік мәдениеттің негізі болып табылады. 2021 жылы Қор дамуының негізгі бағыттарын ескере отырып, корпоративтік құндылықтар өзектендірілді. Осылайша, Қордың корпоративтік құндылықтары келесі аталғандар болып табылады:

Кәсіпқойлық - біз өз жұмысымызды уақтылы және сапалы орындау және Қордың стратегиялық міндеттерін іске асыру үшін өзіміздің кәсіби білімімізді пайдаланамыз және ұдайы жетілдіріп отырамыз;

Бірлік - біз бір командамыз! Біз диалогқа және оңтайлы шешімдерді бірлесіп іздеуге дайынбыз, Қордың ортақ мақсаттарына қол жеткізу үшін командада жұмыс істеудің маңыздылығын түсінеміз;

Транспаренттілік - біз ақпаратпен бір-бірімізбен, клиенттермен, серіктестермен және қоғамның азаматтарымен ашық және адал бөлісеміз, бұл бізге Қордың беделін сақтауға мүмкіндік береді және адами капиталдың дамуына оң әсерін тигізеді;

Үнемділік - біз Қордың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және қаржылық бағдарламаларды табысты іске асыру үшін Қордың активтері мен ресурстарын пайдалануға жауапкершілікпен және ұқыптылықпен қараймыз;

Инновациялылық - біз халықтың материалдық әл-ауқатын жақсарту жөніндегі бағдарламаларды іске асыра отырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізу, өнімді және жылдам жұмыс істеу үшін өзгерістер енгіземіз, процестерді оңтайландырамыз және жақсартамыз;

Құрмет - біз бір-бірімізді мұқият тыңдаймыз және естиміз, бір-бірімізге қатысты кемсітушілік пен әділетсіздікке жол бермейміз.

## ҚОР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КОРПОРАТИВТІК ӘДЕПТІҢ КЕЛЕСІ НЕГІЗГІ НОРМАЛАРЫН ҰСТАНАДЫ:

- ◆ Қордың мүдделерін білдіру және қорғау, Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге өзінің еңбек үлесін қосу, өз жұмысының сапасы мен нәтижелері үшін дербес жауап беру;
- ◆ Қордың және Жалғыз акционердің мүддесінде әрекет ете отырып, жанжалдарды болдырмай, кәсіби функцияларды парасатты және адал орындау;
- ◆ лауазымдық міндеттерді орындау кезінде қарапайымдылық таныту, Қор мүдделерін басшылыққа алу, мүдделілікті және қызмет бабын жеке мақсаттарда пайдалануды болдырмау, Қордың материалдық және материалдық емес активтерін/ игіліктерін иеленуді лайықсыз деп санау;
- ◆ Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни және өзге де сенімдеріне, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген басқа да мән-жайлар бойынша трайбализм мен кемсітушілік көріністеріне жол бермей, сыпайы және әдепті болу, әріптестер мен басқа да адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- ◆ Қор басшысына Қормен байланысты мәмілелерде, шарттарда, жобаларда немесе өзге де мәселелерге байланысты кез келген жеке коммерциялық немесе басқа мүдделілік (тікелей немесе жанама) туралы белгіленген тәртіппен дереу хабарлау;
- ◆ Қордың заңнамасы мен ішкі құжаттарының талаптарында көзделген құпиялылық нормаларын сақтай отырып, бір-біріне шынайы ақпаратты уақтылы ұсыну.

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Тәуекел-менеджмент саласындағы Қорды басқару жүйесі Қор қызметінің сипаты мен ауқымдылығына, олар қабылдайтын тәуекелдер бейініне сәйкес келетін, сондай-ақ одан әрі даму қажеттіліктеріне жауап беретін тұтас жүйені қалыптастыруға бағытталған. Тәуекелдерді басқару жүйесінің стратегиялық мақсаттары тәуекелдерді уақтылы анықтауға, барлық факторларды сапалы бағалауға және ықтимал әсерді азайту мақсатында кешенді әрекет етуге негізделген.

Тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 23 қазандағы №17 шешімімен Тәуекелдерді басқару саясаты әзірленіп бекітілді.

Қорда тәуекелдерді басқару тұрақты, үздіксіз процесс болып табылады және алқалы уәкілетті органдарды, Қордың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерін тарта отырып, барлық деңгейлерде жүзеге асырылады.

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ КЕЗІНДЕ ҚОР 3 ҚОРҒАУ ЖЕЛІСІН ҚАРАСТЫРАДЫ:

1

1-желі - Қор тәуекелдерінің туындауына және іске асырылуына әкеп соқтыруы мүмкін бұзушылықтар (кемшіліктер, оқиғалар, мәмілелер) туралы ақпаратты қорғауды уақтылы анықтау және екінші желіге жеткізу жауапкершілігіне кіретін Қордың барлық қызметкерлері мен бөлімшелері.

Құрылымдық бөлімшелердің басшылары құзыреттер шеңберінде бөлімшеде тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, оның ішінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға жауапты болады;

2

2-желі - функционалдық жауапкершілік шеңберінде орын алған, сондай-ақ ықтимал тәуекелдерді бағалауға, мониторингілеуге, барынша азайтуға жауапты тәуекелдер бөлімшесі. Заң бөлімшесі Қордың құқықтық тәуекелдерін басқаруға жауапты болады;

3

3-желі - тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалайтын ішкі аудит қызметі.

## 1. ПАЙЫЗДЫҚ ТӘУЕКЕЛ ЖӘНЕ ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Қордың орналастырылған активтері бойынша сыйақы мөлшерлемелері белгіленген және Мемлекеттік бағдарламалармен регламенттелген. Қордың пайыздық міндеттемелері орналастырылған меншікті облигациялармен ұсынылған, олар бойынша Қазақстан қор биржасы орналастыру сәтінде айқындайды.

Өтімділік тәуекелі теңгерімсіз өтімділік тәуекелі, жеткіліксіз немесе артық өтімділік тәуекелі ретінде айқындалған.

Өтімділік тәуекелін басқару тәуекел деңгейін бақылауға және шектеуге келтіріледі. Өтімділік тәуекелінің деңгейін бақылау және шектеу мынадай құралдарды пайдалана отырып жүзеге асырылады:

- ◆ өтімділік резервтерінің лимиттерін белгілеу және бақылау;
- ◆ өтімділіктің ішкі нормативтерін (коэффициенттерін) белгілеу және бақылау;
- ◆ бірнеше бақылау уақыт аралықтарының коэффициенттерін белгілеу;
- ◆ өтімділік тапшылығын болжаудың сақталуын әзірлеу.

Өтімділікті тиімді басқарудың арқасында Қор іс жүзінде бұл тәуекелге ұшырамайды. Қор тұрақты негізде ГЭП-ті талдайды. Кумулятивті ГЭП алшақтықтары жоқ. Өтімділікті өтеу коэффициенті (Liquidity coverage ratio, LCR) 2021 жылдың соңында 2,22 құрады, ал таза тұрақты қаржыландыру көрсеткіші (Net Stable Funding Ratio, NSFR) – 3,09 (норматив кезінде кемінде 1,00).

## 2. КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДЕР

Кредиттік тәуекел активтің құнын төмендету нәтижесінде, оның ішінде кредит бойынша қамтамасыз етуді іске асырудан түскен ақша ағындарын бағалауды ескере отырып, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде белгілі бір ықтималдықпен орын алуы мүмкін барынша күтілетін шығынды білдіреді.

Қор ай сайынғы негізде провизияларды барабар қалыптастыру үшін кредиттік тәуекелге ұшырау дәрежесі бойынша активтерді саралайды. Кредиттік тәуекел деңгейі мониторингінің тұрақты мәні кредиттік рейтингтер және Қор контрагенттерінің төлем тәртібі болып табылады. Қаржы инвестициялары бойынша мерзімі өткен берешек жоқ.

Қордың сатып алынған талап ету құқықтары бойынша мерзімі өткен портфельдің коэффициенті 2021 жылдың соңында бір және одан да көп күн берешегімен 1%-ды, мерзімі өткен орташа мерзімі 22 күнді құрады. 30 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар портфель 974 млн теңгені немесе 0,1%-ды құрады, 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар портфель 8 млн теңгені немесе 0,001%-ды құрады.

Сатып алынған талап ету құқықтары бойынша провизиялар деңгейі 0,003%-ды, ал қаржылық инвестициялар бойынша 7,63%-ды құрады.

### 3. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Операциялық тәуекел Қор қызметкерлері мен бөлімшелерінің барабар емес немесе қате ішкі процестерінен, іс-қимылдарынан немесе сыртқы оқиғалардан болған тікелей немесе жанама шығындар тәуекелі ретінде айқындалады.

Операциялық тәуекелдердің деңгейін басқару, айқындау және өлшеу, сондай-ақ оны бағалау үшін мынадай негізгі құралдар пайдаланылады:

- ◆ операциялық тәуекелдер картасы (деректер базасы (Loss database));
- ◆ операциялық тәуекелдің негізгі индикаторларын қолдану (Key Indicators of Operational Risk);
- ◆ тәуекелдер тіркелімі.

### 4. АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТӘУЕКЕЛДЕРІН ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Қордағы ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін құрудың негізгі мақсаты ақпарат қауіпсіздігіне қатер төндіретін оқиғалардан болатын залалды олардың алдын алу немесе олардың салдарын барынша азайту арқылы кеміту болып табылады.

Қордың ақпараттық жүйелерімен байланысты тәуекелдер Қор қызметінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелер инфрақұрылымы, бағдарламалық жасақтама, технологиялар мен жабдықтар элементтерінің істен шығу немесе іркіліс тәуекелдерін қамтиды. Қордың ақпараттық жүйелері және олармен байланысты процестер Қор, оның клиенттері мен контрагенттері деректерінің тұтастығын, қолжетімділігін, анықтығын және құпиялылығын қамтамасыз етеді.

## 5. ҚЫЗМЕТТІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІН БАСҚАРУ

Қор қызметінің үздіксіздігін басқарудың негізгі мақсаты төтенше оқиғалардың туындауы нәтижесінде бизнес-процестерді тоқтату инциденттерінен туындайтын жағымсыз операциялық, қаржылық, құқықтық, беделдік және басқа салдарларды барынша азайту болып табылады.

Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету процесі Қордың сыни бизнес-процестерінің қалыпты жұмыс істеу барысы бұзылған жағдайда қызметті қалпына келтіруді және жалғастыруды басқаруды, сондай-ақ қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету процесін өзекті жағдайда ұстап тұру мақсатында оқыту, тестілеу, талдау және жақсарту арқылы қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету процестерін басқаруды қамтиды.

## ІШКІ БАҚЫЛАУ

Ішкі бақылау жүйесі (бұдан әрі - ІБЖ) – Директорлар кеңесі, алқалы органдар, құрылымдық бөлімшелер және Қордың барлық қызметкерлері өз міндеттерін орындау кезінде жүзеге асыратын күнделікті қызметке кіріктірілген процесс.

ІБЖ-нің негізгі компоненттері:

- ◆ Бақылау ортасы – бұл Қор бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру үшін базаны қамтамасыз ететін процестер кешені;
- ◆ Тәуекелдерді бағалау – бұл Қордың мақсаттарына қол жеткізуге кедергі келтіретін тәуекелдерді анықтаудың, сәйкестендірудің және бағалаудың серпінді, үздіксіз процесі;
- ◆ Бақылау іс-қимылдары – Қордың мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін, тәуекелдерді қажетті деңгейге дейін төмендетуге бағытталған процестерге кіріктірілген іс-шаралар кешені;
- ◆ Ақпарат және коммуникациялар – бұл Қордың мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті ақпаратты жинаудың, алмасудың және ұсынудың үздіксіз процесі;
- ◆ Мониторинг – бұл үздіксіз, процестерге енгізілген немесе ІБЖ компоненттерінің болуын немесе жұмыс істеуін жеке бағалау

Тиімді ішкі бақылау тиісті бақылау ортасын қалыптастыру арқылы қамтамасыз етіледі, ІБЖ барлық бес компонент қатысып, жұмыс істеген кезде тиімді болады.

# АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ҚР Президентінің экономиканы цифрландыру және озық технологияларды енгізу бөлігіндегі тапсырмасы аясында Қор өз қызметінде ішкі процестерді автоматтандыру және ақпараттық қауіпсіздікті арттыру бойынша жұмыстарды үнемі жүргізеді.

2021 жылы Қор 1С платформасы базасында есептік ақпараттық жүйені енгізу бойынша жобаны іске қосу туралы шешім қабылдады, оның мақсаты сол кезде болған есептік ақпараттық жүйені, қатар аудитті ауыстыру және кредиттік операциялар бойынша бизнес-процестерді оңтайландыру болды.

Бұл шешімнің себебі ескі есеп жүйесінің өнімділігінің төмендеуі және технологиялардың ескіруіне және тиісті мамандардың болмауына байланысты жетілдірудің мүмкін еместігі болды.

Қор сол кезде қолданыста болған жүйеге толық талдау жүргізді, қолданыстағы функционал мен деректердің серіктес банктердің ақпараттық жүйелерімен, сондай-ақ Қордың ішкі жүйелерімен интеграциялануын қоса алғанда, жаңа платформаға көшуін іске асырды.

Бизнес-процестерді оңтайландыру кредиттік және кредиттен кейінгі операцияларды орындау уақытының едәуір қысқаруына алып келді, сондай-ақ қолмен жасалатын операциялардың қажеттілігін барынша азайтты.

Жоба мерзімінде және бекітілген жоспарға сәйкес іске асырылды. Жобаны өз ресурстарымен іске асыру жөніндегі шешімге байланысты Қор сыртқы өнім берушілерді тарта отырып, баға ұсыныстарына қатысты үнемдеуге қол жеткізді.

# БЕДЕЛДІК ЖӘНЕ МАРКЕТИНГТІК САЯСАТ

Қор өзін Қазақстан Республикасы экономикасының дамуына ықпал ететін ашық және транспарентті қаржы институты ретінде көрсетеді. Корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибесіне сәйкес Қор беделін нығайту мақсатында өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді.

Азаматтардың Қор қызметі туралы хабардар болуының жоғары деңгейі Қордың оң имиджін қалыптастыруға және жұртшылық тарапынан сенімнің артуына ықпал етеді.

2021 жылы Қор баспасөз хабарламаларын, ақпараттық хабарламаларды, есептерді, БАҚ сұратуларына жауаптарды жариялау, ресми [www.kfu.kz](http://www.kfu.kz) интернет-ресурсында, Қордың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында, call-орталық арқылы азаматтардың өтініштері бойынша түсіндіру арқылы клиенттер, халық, жұртшылық, сараптамалық қоғамдастық арасында компанияның қызметі туралы белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізді.

Қор өкілдерінің түсіндірмелері баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды, теледидар мен радио эфирінде көрсетілді.

2021 жыл «Баспана хит» НИБ-нің аяқталуымен есте қалды, оның нәтижесінде Қор азаматтарға бағдарламаны жабу мерзімдері туралы ақпаратты алдын ала беріп, сол арқылы нарыққа шынайы ақпарат ұсынды.

Қордың маркетингтік стратегиясы «7-20-25» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын ілгерілету үшін мақсатты аудиториялармен нақты өзара іс-қимыл жасауға бағытталды. Бұл үшін Қор өзі үшін басым нысаналы топтарды айқындады, олардың әрқайсысы үшін жеке маркетингтік іс-шаралар өткізілді.

Ашықтықты қамтамасыз ету, жұртшылықтың сенімін арттыру және іске асырылатын бағдарламаларды ілгерілету мақсатында Қор коммуникациялық және маркетингтік саясаттың жоғары стандарттарын одан әрі дамытатын болады.

Ол үшін Қор Ақпаратты ашу қағидаларына өзгерістер енгізіп, барлық мүдделі тараптарға жария етілетін ақпараттың тізбесін өзектендірді.



# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама нормаларын сақтау үшін Қорда келесі іс-шаралар жүргізілді:

1. Қордың Корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, олар арқылы Қордың корпоративтік құндылықтары жаңартылды және заңнамадағы өзгерістерге байланысты сыйлықтарды қабылдау және назар аударудың символдық белгілері мен символдық кәдесыйлар түрінде пайда алу мүмкіндігі алып тасталды;

2. Қор қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Қор Басқармасының 2021 жылғы 9 қыркүйектегі шешімімен (№30 хаттама) «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Көрсетілген Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуына мониторинг тұрақты негізде жүзеге асырылады.



# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қор өз қызметін жүзеге асыру кезінде экологиялық жағдайға елеулі әсер келтірмейді, алайда Қор қандай да бір ықпал етуі мүмкін салаларда қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шараларды орындауға барынша күш-жігерін жұмсайды.

Қор өз қызметінің әуе, су ортасына және жерге келтіретін жағымсыз салдарларын азайту үшін бірқатар іс-шаралар жүргізеді және мүмкіндігі мен экономикалық орындылығы болған жағдайда ресурстарды үнемді пайдалануға тырысады.

## КЕЛЕСІ ІС-ШАРАЛАР ЖҮРГІЗІЛЕДІ:

- ◆ энергия үнемдейтін жабдықтарды, шамдарды және басқа да шешімдерді пайдалану, егер олар адам мен қоршаған ортаға қауіпсіз болса;
- ◆ тек сертификатталған («жасыл») жабдықты пайдалану қағидатын сақтау;
- ◆ принтерлер мен көшірмелеу машиналары үшін картридждер толтыруды пайдалану (жаңаларын пайдаланудың орнына) не оларды кейіннен толтыру мақсатында өткізу;
- ◆ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды басқару: төтенше жағдайлардың теріс салдарын болдырмау жөніндегі тиісті іс-шараларды әзірлеу және дайындау.
- ◆ жанармайды үнемді пайдалануды және атмосфераға зиянды шығарындылардың төмен деңгейін қоса алғанда, қоршаған ортаға әсері төмен көлікті пайдалану;
- ◆ офистерде қоршаған ортаға ең аз зиян келтіретін сертификатталған кондиционерлерді ғана орнату;
- ◆ TSF (хлорсыз ағарту) және ECF технологиясы бойынша сертификатталған қағазды (мысалы, FSC) және хлорсыз өндірілген қағазды пайдалану.

# 2022 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР



# ҚОРДЫҢ 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАСТЫ МАҚСАТТАРЫ

Қор 2022 жылы өзінің алдына бағдарлама басталғаннан бері өсу қорытындысымен мынадай басты көрсеткіштерге қол жеткізуді қойып отыр, млрд теңгемен:

Показатели	Факт 2021 год	План 2022 года
Облигацияларды шығару және орналастыру есебінен қаржыландыруды тарту	1 255	1 753
Екінші деңгейдегі банктердің «7-20-25» бағдарламасы бойынша ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беруі	1 056	1 212
«7-20-25» бағдарламасы бойынша ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету	1 020	1 175



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Қор өзінің корпоративтік басқару жүйесін Қор қызметінің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есеп беруді қамтамасыз ету, оның беделін нығайту құралы ретінде, сондай-ақ оның қазіргі заманғы экономика мен тұтастай қоғамдағы орнын айқындайтын фактор ретінде іске асырады.

Қордың корпоративтік басқаруының тиімді құрылымы оның табысты дамуына, қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға ықпал етеді, сондай-ақ корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді.

ҚОРДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ МЫНАДАЙ ОРГАНДАРДАН ТҰРАДЫ:

Жоғарғы орган: Жалғыз акционер;

Басқару органы: Директорлар кеңесі;

Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органдары:

Стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақы мәселелерін,  
әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитет;

Аудиторлық комитет;

Атқарушы орган: Басқарма;

Ішкі аудит қызметі.

Қор органдарының құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қордың Жарғысымен және Қордың ішкі құжаттарымен регламенттелген.

## ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Қордың жалғыз акционері ҚР Ұлттық Банкі болып табылады.

ҚР Ұлттық Банкі Қордың Директорлар кеңесіндегі Жалғыз акционер мен өкілдіктің өкілеттіктерін іске асыру арқылы Қорды басқаруға қатысады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар Жалғыз акционердің лауазымды адамы белгіленген тәртіппен қабылдайды.

Жалғыз акционердің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді.

2021 жылы Жалғыз акционер өз құзыретіне кіретін 13 мәселе бойынша шешімдерді қарады және қабылдады.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Қор қызметіне жалпы басшылықты және Басқарма қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Жарғысында, Қордың Директорлар кеңесі туралы Ережеде және Қордың Корпоративтік басқару кодексінде айқындалған тәртіппен қабылданады.

Директорлар кеңесінің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді. 2021 жылы Директорлар кеңесі 16 отырыс өткізді. Күн тәртібіндегі 115 мәселе бойынша барлық мәселелер қаралып, шешім қабылданды.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесі комитеттерінің құзыретіне Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарау және алдын ала мақұлдау кіреді.

Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі Қордың Корпоративтік басқару кодексімен және Комитеттер туралы ережелермен регламенттелген.

Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 02 қазандағы №13 шешіміне сәйкес құрылды.

Директорлар кеңесі комитеттерінің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді.

2021 жылы Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақы мәселелерін, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитет 16 отырыс өткізіп, онда 79 мәселені қарады.

Аудиторлық комитет 2021 жылы 13 отырыс өткізіп, онда 40 мәселені қарады.



## БАСҚАРМА

Басқарма Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Басқарма Қордың алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Қордың Жарғысында Қордың басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған қызметтің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Басқарманың шешімдері жазбаша түрде ресімделеді. 2021 жылы Басқарма 45 отырыс өткізді. Күн тәртібіндегі 183 мәселе қаралып, шешімдер қабылданды.

## ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін жүйелі түрде тәуелсіз бағалау, ішкі бақылау және корпоративтік басқару практикасы мақсатында Қорда Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді.

Ішкі аудит қызметі өз жұмысын Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелге бағдарланған орта мерзімді және жылдық аудиторлық жоспарлар негізінде жүзеге асырады.

Аудиторлық есептердің нәтижелері, басты анықтаулар және тиісті ұсынымдар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

2021 жылы Ішкі аудит қызметі 7 тексеру жүргізді, оның нәтижелері бойынша түзету іс-шараларының жоспарлары бекітілді.



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ

Қордың корпоративтік басқару саласындағы саясатын регламенттейтін Қордың негізгі ішкі құжаты Қордың Корпоративтік басқару кодексі болып табылады. Онда келесі қағидаттар бекітілген:

- ◆ өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты;
- ◆ акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- ◆ Директорлар кеңесі мен Басқарманың Қорды тиімді басқару қағидаты;
- ◆ орнықты даму қағидаты;
- ◆ тәуекелдерді басқару қағидаты, ішкі бақылау және аудит;
- ◆ корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
- ◆ Қордың қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаттары.

Қор Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтайды, бұл туралы мынадай қысқаша ақпарат ұсынылады



Қордың Жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің және Басқармасының құқықтары, міндеттері мен құзыреттері Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Жарғысында, Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы туралы ережеде айқындалады.

ҚР Ұлттық Банкі Жалғыз акционер ретінде Қорды басқаруға Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Жарғысында көзделген Жалғыз акционердің өкілеттіктерін іске асыру арқылы ғана қатысады.

Қорда оның тиісті органдарының мәселелерді қарауы және шешімдер қабылдауы тәртібінің иерархиясы сақталады, Қордың органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігі ажыратылады.


Шешімдерді Қордың органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың Жарғысына сәйкес оларға берілген құзырет шеңберінде қабылдайды.

Жалғыз акционердің негізгі құқықтарын іске асыру Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар Жалғыз акционердің лауазымды тұлғасы белгіленген тәртіппен қабылдайды.

Жалғыз акционердің барлық шешімдері жазбаша түрде ресімделеді. Қордың қызметі туралы ақпарат, оның ішінде Қордың қаржылық және өзге де есептілігі Жалғыз акционерге уақтылы ұсынылады.

Жалғыз акционердің сұратуларына жауаптар Қордың Жарғысында немесе тиісті сұратуда белгіленген мерзімде беріледі. Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер қабылданған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде міндетті түрде Жалғыз акционердің назарына жеткізіледі.



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМАНЫҢ ҚОРДЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ ҚАҒИДАТЫ – ҚОРДА САҚТАЛАДЫ

Корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында 2021 жылы:

- ◆ «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің Аудиторлық комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар;
- ◆ «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар мәселелерін, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар;
- ◆ «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда;
- ◆ «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметін бағалау туралы ереже;
- ◆ «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже жаңа редакцияда;
- ◆ «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Басқармасы туралы ереже жаңа редакцияда;
- ◆ «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

## ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТЫ – ҚОРДА САҚТАЛАДЫ

Қоғамдағы орнықты даму мынадай үш құрамдас бөліктен тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. Экономикалық құрамдас бөлік Қоғамның қызметін ұзақ мерзімді құнның өсуіне, Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, неғұрлым жетілдірілген технологияларды құру мен дамытудағы инвестициялардың өсуіне, еңбек өнімділігін арттыруға бағыттайды.

Экологиялық құрамдас бөлік биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуды, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануды, экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдануды, экологиялық тиімді өнімді жасауды, қалдықтарды азайтуды, өңдеуді және жоюды қамтамасыз етеді

Әлеуметтік құрамдас бөлік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған, оның ішінде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, қызметкерлерді әділ марапаттау және құқықтарын құрметтеу, қызметкерлерді жеке дамыту, қызметкерлерге арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру, демеушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізу.

Қордың 2020-2022 жылдарға арналған Даму тұжырымдамасына сәйкес тиімді және орнықты Қор құру алға қойылған міндеттерді іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

Қордың барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары барлық деңгейлерде өз ұйымының тұрақты дамуына үлес қосады.

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ҚАҒИДАТЫ, ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ - ҚОРДА САҚТАЛАДЫ.

Қорда проблемалық блоктарды анықтауға, дұрыс емес рәсімдерді жоюға, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің жеткілікті толық сипаттамасын алуға мүмкіндік беретін COSO ERM – «Ұйымның тәуекелдерін басқару – интеграцияланған модель» және «Ішкі бақылау – интеграцияланған модель» әдіснамасына сәйкес келетін «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалаудың бекітілген әдістемесінің талаптары сақталады.

Қорда тәуекелдерді басқару тұрақты, үздіксіз процесс болып табылады және уәкілетті органдарды, Қордың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерін тарта отырып, барлық деңгейлерде жүзеге асырылады.

Тәуекелдер бойынша есептерді Қордың Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде қарайды және бекітеді.

Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі бекіткен Тексерулердің жылдық жоспары негізінде Қордың бизнес-процестерін тексеруді жүзеге асырады.

## КОРПОРАТИВТІК ЖАНЖАЛДАР МЕН МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ ҚАҒИДАТЫ – ҚОРДА САҚТАЛАДЫ

Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелері, сондай-ақ Қор қызметкерлері өздерінің кәсіби функцияларын жанжалдардан аулақ бола отырып, Жалғыз акционер мен Қордың мүдделерінде тиісті қамқорлықпен және сақтықпен адал және парасатты орындайды.

Қорда келесі ішкі құжаттар қабылданған және қолданылады:

- ◆ «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік жанжалдарды реттеу саясаты;
- ◆ «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік әдеп кодексі.

Есепті кезеңде Қорда корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысы жағдайлары тіркелмеген.

## ҚОРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУДЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ОБЪЕКТИВТІЛІГІ ҚАҒИДАТТАРЫ - ҚОРДА САҚТАЛАДЫ

Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Қор ҚР заңнамасында және Қордың ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты уақтылы және дұрыс ашады. Қорда келесі ішкі құжаттар қабылданған және қолданылады:

- ◆ Қордың корпоративтік интернет-ресурсында «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының ақпаратты жария ету қағидалары;
- ◆ Қаржылық есептілік депозитарийінің және қор биржасының интернет-ресурстарында «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының ақпаратты ашу қағидалары;
- ◆ «Қазақстандық орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының қызметтік және коммерциялық құпиясының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық.

Ақпарат Жалғыз акционердің назарына, корпоративтік интернет-ресурсқа, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийінің және қор биржасының интернет-ресурстарына жеткізіледі.

# ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚҰРАМЫ МЕН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2021 ЖЫЛҒЫ 12 СӘУІРГЕ ДЕЙІН ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА МЫНАДАЙ ТҮЛҒАЛАР КІРДІ:

- ◆ Есжан Амантаевич Биртанов – Директорлар кеңесінің төрағасы;
- ◆ Ерболат Серикович Оспанов - Қордың Басқарма төрағасы;
- ◆ Капаннелли Джованни, тәуелсіз директор.

2021 жылғы 12 сәуірде Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің төрағасы – ҚР Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары Есжан Амантаевич Биртановтың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және Директорлар кеңесінің төрағасы лауазымына ҚР Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары Берик Шолпанкулович Шолпанкуловты тағайындау туралы шешім қабылдады.

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА КЕЛЕСІ МҮШЕЛЕР КІРДІ:

- ◆ Берик Шолпанкулович Шолпанкулов – Директорлар кеңесінің төрағасы;
- ◆ Ерболат Серикович Оспанов - Қордың Басқарма төрағасы;
- ◆ Капаннелли Джованни, тәуелсіз директор.

Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамының 3 (үштен) 5 (беске) дейін өзгеруіне байланысты 2021 жылғы 30 шілдеде Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері болып ҚР Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары - ҚР Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы Тұрақты Өкілдігінің басшысы Есжан Амантаевич Биртанов Жалғыз акционердің өкілі ретінде және Андарь Маулешевич Шукпутов тәуелсіз директор ретінде сайланды.

**БОЛҒАН ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП,  
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА КЕЛЕСІ МҮШЕЛЕР КІРДІ:**

**1**

**БЕРИК ШОЛПАНКУЛОВИЧ ШОЛПАНКУЛОВ – ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ**

2021 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін ҚР Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары болып табылады. Бұрын Қазақстан Республикасының қаржы вице-министрі және бірінші вице-министрі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетінің төрағасы лауазымдарын, сондай-ақ өзге де лауазымдарды атқарған.

**2**

**ЕРБОЛАТ СЕРИКОВИЧ ОСПАНОВ – ҚОРДЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ**

2020 жылдан бері Қордың Басқарма төрағасы қызметін атқарады. Қор Басқармасының құрамына сайланғанға дейін «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ Басқармасының төрағасы болды. Әр жылдары «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ тәуелсіз директоры (CEO), Borgata Mayer Inc. компаниясында CEO, «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК-да директордың сыртқы байланыстар жөніндегі орынбасары, «Аджип Қазақстан Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В.» компаниясында Жергілікті қамтуды дамыту департаментінің директоры, «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ-ның Астана филиалы директорының орынбасары, «Алма-Трејдинг» ЖШС атқарушы директоры, «Қазақшетсақтандыру» ЖАҚ Басқарма төрағасы, «Өнеркәсіптік сақтандыру тобы» ААҚ президенті және басқа да лауазымдарды атқарды.

**3**

**БИРТАНОВ ЕСЖАН АМАНТАЕВИЧ БИРТАНОВ – ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ӨКІЛІ**

2019 жылғы наурыздан бастап 2022 жылғы наурызға дейін ҚР Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары – ҚР Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы Тұрақты өкілдігінің басшысы болды. Бұрын «Бәйтерек» холдингінің Басқарушы директоры, «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасы, «Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқарма төрағасы болған, ҚР Ұлттық Банкінде түрлі лауазымдарды атқарған.

**4**

**КАПАННЕЛЛИ ДЖОВАННИ – ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР**

Қордың Директорлар кеңесінің құрамына сайланғанға дейін 2002 жылдан бастап Азия Даму Банкінде (АДБ) түрлі лауазымдарды атқарды. Көптеген жылдар бойы, 1996 жылдан бастап, әлемнің көптеген ірі жоғары оқу орындарында оқытушылық қызметпен айналысты.

**5**

**АНДАРЬ МАУЛЕШЕВИЧ ШУКПУТОВ – ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР**

Қордың Директорлар кеңесінің құрамына сайланғанға дейін «Қазмұнайгаз» АҚ аппаратының басшысы, Қазақстан Республикасының қаржы вице-министрі, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрі, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі лауазымдарын, сондай-ақ басқа да лауазымдарды атқарды.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДА 2022 ЖЫЛЫ БОЛҒАН ӨЗГЕРІСТЕР:

2022 жылғы 11 сәуірде Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің мүшесі Есжан Амантаевич Биртановтың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және Директорлар кеңесінің мүшелігіне ҚР Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары – ҚР Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы Тұрақты Өкілдігінің басшысы Виталий Алексеевич Тутушкинді сайлау туралы шешім қабылдады.

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Директорлар Кеңесінің төрағасын сайлау туралы» Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 5 шешіміне сәйкес Виталий Алексеевич Тутушкин Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Директорлар кеңесінің құрамына келесі мүшелер кіреді:

- ◆ Виталий Алексеевич Тутушкин – Директорлар кеңесінің төрағасы;
- ◆ Берик Шолпанкулович Шолпанкулов – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- ◆ Ерболат Серикович Оспанов – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- ◆ Андарь Маулешевич Шукпутов – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- ◆ Капаннелли Джованни – Директорлар кеңесінің мүшесі.



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ХАТШЫСЫ

2021 жылғы 12 шілдеге дейін Қордың корпоративтік хатшысы А.А. Идилова Директорлар кеңесінің хатшысы болды (Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 қыркүйектегі №15 шешімімен бір рет қайта сайланды).

2021 жылғы 12 шілдеден бастап Қордың Директорлар кеңесінің хатшысы болып Қордың корпоративтік хатшысы Р.В. Кан тағайындалды, ол қазіргі уақытқа дейін Директорлар кеңесінің хатшысы қызметін атқарады.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ 2021 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2021 жылы Директорлар кеңесінің сырттай отырыстары өткізілді. Көп жағдайда Директорлар кеңесінің сырттай отырыстарына Қордың Директорлар Кеңесінің барлық мүшелері қатысты. 2021 жылы Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстары мен жабық отырыстары өткізілген жоқ.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕРІ ТУРАЛЫ АКЦИОНЕРЛЕРДІ ХАБАРДАР ЕТУ

Қор Жарғысының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің барлық шешімдері 2021 жылы Жалғыз акционердің назарына жеткізілді.

## ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚҰРАМЫ МЕН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қоғам комитеттерінің құрамы Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 қыркүйектегі №15 шешімімен айқындалған, оған келесі аталған кірді:

- ◆ Капаннелли Джованни – комитеттер төрағасы;
- ◆ Есжан Амантаевич Биртанов – комитеттер мүшесі;
- ◆ Ерболат Серикович Оспанов – комитеттер мүшесі.

### 2021 ЖЫЛЫ КОМИТЕТТЕР ҚҰРАМЫНДА МЫНАДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛДЫ:

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 14 сәуірдегі № 4 шешімімен Комитеттер мүшесі Есжан Амантаевич Биртановтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, Комитеттер мүшесі болып Берик Шолпанкулович Шолпанкулов сайланды.

## ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, 2021 ЖЫЛҒЫ 14 СӘУІРДЕН БАСТАП КОМИТЕТТЕРДІҢ ҚҰРАМЫНА КЕЛЕСІ МҮШЕЛЕР КІРДІ:

- ◆ Капаннелли Джованни – комитеттер төрағасы;
- ◆ Берик Шолпанкулович Шолпанкулов – комитеттер мүшесі;
- ◆ Ерболат Серикович Оспанов – комитеттер мүшесі.

Қоғамның Директорлар кеңесі мен Комитеттерінің сандық құрамының 3-тен (үштен) 5-ке (беске) дейін өзгеруіне байланысты 2021 жылғы 26 тамызда Директорлар кеңесінің № 10 шешімімен Капаннелли Джованнидің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар мәселелерін, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитеттің төрағасы ретіндегі өкілеттіктерін тоқтату туралы шешім қабылданды.

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ, КАДРЛАР МЕН СЫЙАҚЫЛАР МӘСЕЛЕЛЕРІН, ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТКЕ КЕЛЕСІ АТАЛҒАН ТҰЛҒАЛАР САЙЛАНДЫ:

1

Андарь Маулешевич Шукпутов – Стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар мәселелерін, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитеттің төрағасы ретінде;

2

Есжан Амантаевич Биртанов – Стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар мәселелерін, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитеттің мүшесі ретінде;

3

Капаннелли Джованни – Стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар мәселелерін, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитеттің мүшесі ретінде.

## АУДИТОРЛЫҚ КОМИТЕТКЕ КЕЛЕСІ АТАЛҒАН ТҰЛҒАЛАР САЙЛАНДЫ:

- ◆ Есжан Амантаевич Биртанов – Аудиторлық комитеттің мүшесі ретінде;
- ◆ Андарь Маулешевич Шукпутов – Аудиторлық комитеттің мүшесі ретінде.

## ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, 2021 ЖЫЛҒЫ 26 ТАМЫЗДАН БАСТАП КОМИТЕТТЕРДІҢ ҚҰРАМЫНА КЕЛЕСІ МҮШЕЛЕР КІРДІ:

- ◆ Андарь Маулешевич Шукпутов – Стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар мәселелерін, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитеттің төрағасы және Аудиторлық комитеттің мүшесі;
- ◆ Капаннелли Джованни – Аудиторлық комитеттің төрағасы және Стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар мәселелерін, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитеттің мүшесі;
- ◆ Берик Шолпанкулович Шолпанкулов – комитеттер мүшесі;
- ◆ Ерболат Серикович Оспанов – комитеттер мүшесі;
- ◆ Есжан Амантаевич Биртанов – комитеттер мүшесі;

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ХАТШЫСЫ

2021 жылғы 12 шілдеге дейін Қордың корпоративтік хатшысы А.А. Идилова Директорлар кеңесі комитеттерінің хатшысы болды.

2021 жылғы 12 шілдеден бастап Р.В. Кан Корпоративтік хатшы болып тағайындалды, ол қазіргі уақытқа дейін Комитеттердің хатшысы қызметін атқарады.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ МҮШЕЛЕРІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар мәселелері, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитеттің отырыстары бетпе-бет нысанда өткізілді. Көп жағдайда отырыстарға Стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар мәселелерін, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитеттің барлық мүшелері қатысты. Комитет мүшесі Е.С. Оспанов екі отырысқа дәлелді себеппен (еңбек демалысы) қатыспады.

Аудиторлық комитеттің отырыстары бетпе-бет нысанда өткізілді. Көп жағдайда отырыстарға Аудиторлық комитеттің барлық мүшелері қатысты. Комитет мүшесі Е.С. Оспанов бір отырысқа дәлелді себеппен (еңбек демалысы) қатыспады.

Комитеттердің қабылданған шешімдері тиісінше ресімделіп, комитеттердің хатшысы оларды Қордың мүдделі тұлғаларының назарына жеткізді.

## КОМИТЕТТЕР ҚҰРАМЫНДАҒЫ 2022 ЖЫЛЫ БОЛҒАН ӨЗГЕРІСТЕР

Жалғыз акционердің 2022 жылғы 11 сәуірдегі № 1 шешімі шеңберінде Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 5 шешімімен Комитеттер құрамы өзгертілді.

Енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2022 жылы Комитеттердің құрамына келесі мүшелер кіреді:

### АУДИТОРЛЫҚ КОМИТЕТ:

- ◆ Капаннелли Джованни – Аудиторлық комитеттің төрағасы;
- ◆ Берик Шолпанкулович Шолпанкулов – Аудиторлық комитеттің мүшесі;
- ◆ Виталий Алексеевич Тутушкин – Аудиторлық комитеттің мүшесі;
- ◆ Ерболат Серикович Оспанов – Аудиторлық комитеттің мүшесі;
- ◆ Андарь Маулешевич Шукпутов – Аудиторлық комитеттің мүшесі.

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІ:

- ◆ Андарь Маулешевич Шукпутов – Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы;
- ◆ Капаннелли Джованни – Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі;
- ◆ Берик Шолпанкулович Шолпанкулов – Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі;
- ◆ Виталий Алексеевич Тутушкин – Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі;
- ◆ Ерболат Серикович Оспанов – Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.

# ҚОР БАСҚАРМАСЫНЫҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚҰРАМЫ МЕН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2021 ЖЫЛҒЫ 5 СӘУІРГЕ ДЕЙІН БАСҚАРМА ҚҰРАМЫНА КЕЛЕСІ ТҰЛФАЛАР КІРДІ:

- ◆ Е.С. Оспанов – Басқарма төрағасы;
- ◆ А.Б. Абишев – Басқарма төрағасының орынбасары;
- ◆ Р.Е. Кыдыков – Басқарма төрағасының орынбасары;
- ◆ А.К. Бейсембиев – басқарушы директор;
- ◆ А.Н. Суанкулова – қаржы директоры.

Жалғыз акционердің 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 5 шешімімен Басқарма мүшесі А.Б. Абишевтің – Қордың Басқарма төрағасы орынбасарының өкілеттіктері тоқтатылды және Қордың Басқарма мүшесі болып Басқарма төрағасының орынбасары А.К. Усабаев сайланды.

ОСЫЛАЙША, ҚОР БАСҚАРМАСЫНА 2021 ЖЫЛҒЫ 5 СӘУІРДЕН БАСТАП КЕЛЕСІ МҮШЕЛЕР КІРЕДІ:

## **Е.С. ОСПАНОВ – БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ;**

Басқарма Төрағасы туралы ақпарат «Қордың Директорлар кеңесінің 2021 жылғы құрамы мен жұмысы туралы ақпарат» бөлімінде көрсетілген.

## **А.К. УСАБАЕВ – БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ;**

2021 жылғы сәуірден бастап Қордың Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарады. 2018-2020 жылдары «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ бас бухгалтері лауазымын, 2020 жылғы ақпаннан бастап Қордың бас бухгалтері лауазымын атқарған.

Бұрын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бухгалтерлік есеп департаментінде жұмыс істеген.

### **Р.Е. КЫДЫКОВ – БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ;**

2020 жылғы маусымнан бастап Қордың Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарады. 2019-2020 жылдары «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Қаржы департаментінің директоры қызметтерін атқарған.

Бұрын «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Жоспарлау және стратегиялық талдау департаменті директорының орынбасары - жоспарлау басқармасының бастығы, Жоспарлау және стратегиялық талдау департаментінің директоры қызметтерін атқарған. Қаржы секторын дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының медалімен марапатталған.

### **А.К. БЕЙСЕМБИЕВ – БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР;**

2020 жылғы наурыздан бастап Қордың басқарушы директоры болып табылады. 2008 жылдан бастап 2020 жылға дейін инфрақұрылымдық жобаларды басқару бойынша «Lancaster Infrastructure» ЖШС бас директоры лауазымын атқарды. Әр жылдары «Senko-Lancaster Silk Road Logistics» ЖШС президенті, «Lancaster Securities» АҚ Басқарма төрағасы лауазымдарын, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» ҰМТК» ЖАҚ, «Дельта» ЖШС басшылық лауазымдарын атқарды.

2021 жылы ұлттық валюта – теңге күнін мерекелеу аясында жоғары кәсібилігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің табысы мен дамуына баға жетпес үлесі үшін алғыс жарияланды.

### **А.Н. СУАНКУЛОВА – ҚАРЖЫ ДИРЕКТОРЫ.**

2020 жылғы наурыздан бастап Қордың қаржы директоры болып табылады. Бұған дейін «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ басқарушы директоры қызметін атқарған.

2004 жылдан бастап 2014 жылға дейін «Эрнст энд Янг» халықаралық аудиторлық компаниясында жұмыс істеді, онда аудит бөлімінің аға менеджері қызметін атқарды. Қалған уақытта түрлі компанияларда қаржы директоры болып жұмыс істеді.

Жалғыз акционердің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 12 шешіміне сәйкес Басқарманың қазіргі құрамы жаңа мерзімге қайта сайланды. Осылайша, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамы 5 (бес) мүшеден тұрды.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Қордың Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 25 қаңтардағы № 7 шешімімен бекітілген Қордың Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Қор Директорлар кеңесінің мүшелеріне - тәуелсіз директорларға Жалғыз акционердің шешімімен белгіленген мөлшерде сыйақы төлейді. Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төленбейді.

Қордың Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры Д. Капаннеллиге сыйақы мөлшері Жалғыз акционердің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі №21 шешімімен анықталған.

Қордың Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры А.М. Шукпутовқа сыйақы мөлшері Қордың Жалғыз акционерінің 2021 жылғы 30 шілдедегі №8 шешімімен анықталған.

Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық еңбекақыларының мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады.

Басқарма мүшелеріне жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақылар мөлшері (сыйлықақылар коэффициенттері) Жалғыз акционермен келісім бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленді.

Қордың тәуелсіз директорларына – Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Басқарма мүшелеріне 2021 жылы төленген сыйақылардың жалпы мөлшері 149,6 млн теңгені құрады.



# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



# 2021 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Бұл тарау келесі бөлімдерден тұрады:

1. Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық қорытындысы.
2. 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың қаржылық есептілігі, ол келесілерді қамтиды:

- ◆ Қаржылық жағдай туралы есеп;
- ◆ Пайда мен зиян және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп;
- ◆ Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;
- ◆ Капиталдағы өзгерістер туралы есеп.

Осы тарау бойынша егжей-тегжейлі ақпарат Қордың интернет-ресурсында (<https://kfu.kz/otchetnost/>) жарияланған 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікте және тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық қорытындысында баяндалған.

# ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ акционеріне және Директорлар кеңесіне

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ПІКІРІ

Біздің ойымызша, қаржылық есептілік барлық маңызды қатынастарда 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржылық жағдайын, сондай-ақ Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес көрсетілген күні аяқталған жылдағы Қордың қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын көрсетеді.

## АУДИТ МӘНІ

Біз Қордың қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, оған мыналар кіреді:

- ◆ 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп;
- ◆ көрсетілген күні аяқталған жылдағы пайда немесе зиян және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп;
- ◆ көрсетілген күні аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
- ◆ көрсетілген күні аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;
- ◆ есеп саясатының негізгі ережелерін және өзге де түсіндірме ақпаратты қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелер.

## ПІКІР БІЛДІРУГЕ НЕГІЗДЕМЕ

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз көрсетілген стандарттарға сәйкес біздің есептің «Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп пайымдаймыз.



## ТӘУЕЛСІЗДІК

Біз Қор қатысында Бухгалтерлерге арналған этиканың халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес шығарған Кәсіби бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (Тәуелсіздіктің халықаралық стандарттарын қамтитын) (БЭХСК кодексі) және Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептіліктің біз жүргізетін аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес тәуелсізбіз.

Біз БЭХСК кодексіне және Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептіліктің біз жүргізетін аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық.

## БІЗДІҢ АУДИТ ӘДІСНАМАМЫЗ

### АУДИТТИҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Басшылық 9 «Қаржы құралдары» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (9 ҚЕХС) сәйкес жүргізген қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындарға провизияларды бағалау.

Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылықты анықтап, қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағаладық.

Атап айтқанда, біз басшылықтың қандай салаларда субъективті пайымдаулар шығарғанын, мысалы, жорамалдау қолдануды және олардың сипатына байланысты белгісіздік болатын болашақ оқиғаларды қарастыру қамтылатын маңызды бағалау мәндері қатысында талдау жүргіздік.

Біздің барлық аудиттеріміздегідей, біз сондай-ақ басшылықтың ішкі бақылау жүйесін орағытып өту тәуекелін қарастырдық, оның ішінде, басқаларын қоспағанда, жосықсыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмалану қаупін тудыратын басшылықтың объективті емес белгілерінің болу тәуекелін қарастырдық.

## МАҢЫЗДЫЛЫҚ

Біздің аудиттің көлемін анықтауға біздің маңыздылықты қолдануымыз ықпал етті. Аудит қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаулардың жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділік алуға бағытталған. Бұрмалау жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер нәтижесінде туындауы мүмкін.

Егер олар жекелей немесе жиынтықта пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне ықпал етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, олар елеулі болып саналады.

Кәсіби пайымдауымызға сүйене отырып, біз төмендегі кестеде көрсетілгендей, маңыздылық үшін, оның ішінде Қордың қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылық үшін белгілі бір сандық шекті мәндерді белгіледік.

Осы мәндердің көмегімен және сапалық факторларды ескере отырып, біз жалпы қаржылық есептілікке аудиттің көлемін, сондай-ақ аудиторлық рәсімдердің сипатын, мерзімдерін және көлемін анықтадық және бар болған жағдайда бұрмалаулардың әсерін (жекелей және жиынтық түрде алынған) бағаладық.

Маңыздылық деңгейін айқындау үшін қолданылған базалық көрсеткіш негіздемесі – Қор қаржы нарығын дамытудың және нығайтудың мемлекеттік институты болып табылады.

Қор қызметінің стратегиялық бағыттары екінші деңгейдегі банктерді қаржылық қолдау және қаржы нарығын дамыту болып табылады. Табыстылық Қордың және оның басшылығының негізгі міндеті емес.

Осылайша, біз маңыздылықты анықтау үшін ең қолайлы негізгі көрсеткіш қаржылық активтер болып табылады деген қорытындыға келдік. Біз қаржылық активтердің баланстық құнының 0.8% деңгейінде маңыздылықты анықтадық, бұл таңдалған базалық көрсеткіш үшін қолданылатын маңыздылықтың шекті мәндеріне сәйкес келеді.

## АУДИТТИҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аудиттің басты мәселелері – бұл біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер біздің қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

## АУДИТТИҢ БАСТЫ СҰРАҒЫ

Аудиттің басты мәселесіне қатысты қандай аудиторлық рәсімдер орындалды? Амортизацияланған құны, салымдар және сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар бойынша күтілетін кредиттік шығындарға (ККШ) провизияларды бағалау.

Біз амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің елеулілігіне байланысты, сондай-ақ 9 ҚЕХС қаржылық есептіліктің күрделі стандарты болып табылатындығын ескере отырып, осы салаға назар аудардық, ол ККШ бойынша провизияларды анықтау үшін бағалау жүргізуді және пайымдаулардың елеулі деңгейін қолдануды талап етеді.

Қор амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы активтері бойынша ККШ бойынша провизиялар бағалауды жүргізді. ККШ есептеу процесінде қолданылған кредиттік тәуекел параметрлері (мысалы, дефолт ықтималдығы, дефолт кезіндегі шығын) сыртқы кредиттік рейтингтерге негізделді.

## ПАЙЫМДАУДЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ:

- ◆ 9 ҚЕХС-ке сәйкес кезеңдер бойынша қаржы активтерін жіктеу;
- ◆ Кредиттік тәуекелдің параметрлерін – дефолттың ықтималдығын, дефолт кезіндегі шығынды және тәуекелдегі соманы модельдеу үшін пайдаланылатын жорамалдар мен бағалар;
- ◆ ККШ есептеу үшін пайдаланылған деректердің толықтығы мен дәлдігі;
- ◆ Қаржылық есептіліктегі ашудың дәлдігі мен жеткіліктілігі.

Қоса беріліп отырған қаржылық есептіліктегі\* 4, 8, 9 және 10-ескертпелерді қараңыз, онда елеулі есептік саясаттар, сыни есепке алу бағалары және ККШ бойынша провизиялармен байланысты тәуекелдерді пайымдау және бағалау туралы ақпарат, сондай-ақ амортизацияланған құны, салымдар және сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар туралы ақпарат қамтылған.

\* (<https://kfu.kz/otchetnost/>)

## ККШ БОЙЫНША ПРОВИЗИЯЛАРДЫ БАҒАЛАУ КЕЗІНДЕ, БАСҚАЛАРМЕН ҚАТАР, БІЗ МЫНАДАЙ АУДИТОРЛЫҚ РӘСІМДЕРДІ ОРЫНДАДЫҚ:

- ◆ Біз олардың 9 ҚЕХС талаптарына сәйкестігін бағалау үшін Қор әзірлеген ККШ бойынша провизияларды есептеу үшін әдіснамалар мен модельдерді бағаладық. Біз өзіміздің рәсімдерімізді: дефолтты анықтауға, «кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын» анықтау үшін факторларға, сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (РОСІ) активтерді айқындауға, басты тәуекел параметрлерін бағалау кезеңдері бойынша қаржы құралдарын бөлуге шоғырландырдық.
- ◆ Біз ішінара негізде тәуекел бейінін, кредиттік тәуекел мен макроэкономикалық ортаны ескере отырып, олардың негізділігін айқындау үшін ККШ бойынша провизиялар деңгейіне жеке бағалау жүргіздік.
- ◆ Ішінара негізде деректердің сапасын тексеру үшін біз бастапқы деректермен салыстыра отырып, ККШ есептеуінде пайдаланылған деректерді тексердік. Біз есепті күнгі қаржы активтерінің балансы, өтеу кестелері, сыртқы кредиттік рейтингтер, төлем тәртібі сияқты деректерді қарастырдық.
- ◆ Ішінара негізде біз сыртқы кредиттік рейтинг болмаған кезде контрагенттің қаржылық жағдайына сүйене отырып, кредиттік рейтингті айқындаудың орындылығын бағаладық.
- ◆ Біз амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері үшін ККШ бойынша резервті бағалаудың әдіснамалар мен модельдерге сәйкес жүргізілетінін және 9 ҚЕХС (IFRS) талаптарына сәйкес келетінін тексердік;
- ◆ Біз Қордың COVID-19 пандемиясының ККШ деңгейіне әсерін бағалауын тексердік.

## БАСҚА АҚПАРАТ

Басшылық басқа ақпарат үшін жауапты болады. Басқа ақпарат жылдық есепті қамтиды (бірақ қаржылық есептілікті және осы есептілік туралы біздің аудиторлық есепті қамтымайды), ол біздің аудиторлық есеп берген күннен кейін бізге беріледі деп күтілуде.

Қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз басқа ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенім білдіретін қорытынды бермейтін боламыз.

Қаржылық есептілік аудитін жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген басқа ақпаратпен танысу және басқа ақпарат пен қаржылық есептілік немесе аудит барысында алынған біздің біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің бар-жоғы және басқа ақпаратта елеулі бұрмаланулар болуы мүмкін бе деген мәселені қарау болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз онда елеулі бұрмалау бар деген қорытындыға келсек, біз мұны корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізуге тиіспіз.

## БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУҒА ЖАУАПТЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Басшылық Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес аталмыш қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін, сондай-ақ басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалауларды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп есептейтін ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашу үшін және басшылық Қорды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе тарату не қызметті тоқтату жағдайларын қоспағанда, оның қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде есептілік жасау үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Қордың қаржылық есептілігінің дайындалуын қадағалауға жауапты болады.

## АУДИТОРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаулардың жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығару болып табылады.

ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз мыналарды орындаймыз:

- ◆ жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Жосықсыз іс-әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз іс-әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмаланған ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- ◆ Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінуге қол жеткіземіз;
- ◆ қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті түрде ашылуын бағалаймыз;
- ◆ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде нәтижесінде Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән тууы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз.
- ◆ егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті ашуға назар аударуымыз немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті емес болып табылса, біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есеп беру күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- ◆ жалпы қаржылық есептілікті, оның құрылымы мен мазмұнын, ақпаратты ашуды қоса алғанда, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынуын бағалауды жүргіземіз.



Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты олардың назарына жеткізе отырып, ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне ықпал ететін негізді деп санауға болатын барлық өзара қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда қатерлерді жою үшін қолданылған іс-қимылдар немесе қабылданған шаралар туралы хабарлағанымыз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға жеткізген мәселелердің ішінен ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды мәселелерді анықтаймыз, сондықтан олар аудиттің негізгі мәселелері болып табылады.

Бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ашу заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынатын немесе өте сирек жағдайларда біз кез-келген мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы керек деген қорытындыға келетін, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудың қоғамдық маңызды пайдасынан асып түседі деп негізді болжауға болатын жағдайларды қоспағанда, біз бұл мәселелерді аудиторлық есепте сипаттаймыз.

#### «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

Нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған тапсырманың басшысы  
АЙГУЛЬ АХМЕТОВА

## 2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚОРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ

### 2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
<b>АКТИВТЕР</b>		
Ақша қаражаты және ақша қаражатының баламалары	865,056,559	255,657,173
Салымдар	96,677,426	404,682,641
Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	266,724,621	255,873,010
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	1,314,347,448	1,186,249,813
Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар	811,151,854	539,765,700
Дебиторлық берешек	-	407,531,193
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	271,762	307,695
Кейінге қалдырылған салық активі	345,754,161	325,340,691
Басқа активтер	5,799,070	1,601,048
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>	<b>3,705,782,901</b>	<b>3,377,008,964</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	951,417,753	728,478,225
Басқа міндеттемелер	282,666	313,156
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>	<b>951,700,419</b>	<b>728,791,381</b>
<b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ</b>		
Акционерлік капитал	4,795,733,142	4,675,733,142
Қосымша төленген капитал	158	158
Жинақталған шығын	(2,041,650,818)	(2,027,515,717)
<b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>	<b>2,754,082,482</b>	<b>2,648,217,583</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>	<b>3,705,782,901</b>	<b>3,377,008,964</b>

## 2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА МЕН ЗИЯН ТУРАЛЫ ЕСЕП ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

	2021 ж.	2020 ж.
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кірістер	233,305,054	239,577,120
Басқа да пайыздық кірістер	21,624,182	22,467,576
Пайыздық шығыстар	(97,593,728)	(36,793,458)
<b>Таза пайыздық кірістер</b>	<b>157,335,508</b>	<b>225,251,238</b>
Кредиттік шығындар бойынша бағалау резерві	3,008,798	(152,158,759)
<b>Кредиттік шығындар бойынша резерв жасағаннан кейінгі таза пайыздық кірістер</b>	<b>160,344,306</b>	<b>73,092,479</b>
Операциялардан болған шығыстарды шегергендегі пайда немесе шығын (Шығыстар)/кірістер арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен	17,180,350	(34,640,056)
Операциялардан (шығыстарды)/кірістерді шегергендегі кірістер/(шығыстар) шетел валютасымен	(11)	148
Басқа да операциялық кірістер	579,839	131,021
Қызметкерлерге арналған шығыстар	(1,350,066)	(1,316,791)
Әкімшілік және басқа да операциялық шығыстар	(572,451)	(674,300)
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>	<b>176,181,967</b>	<b>36,592,501</b>
Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар	(14,953,164)	(4,200,260)
<b>ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА</b>	<b>161,228,803</b>	<b>32,392,241</b>
<b>Басқа да жиынтық кіріс:</b>		
Бір жылдағы басқа да жиынтық кіріс	-	-
<b>Бір жылдағы басқа да жиынтық кіріс</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІСТІҢ ЖИЫНЫ</b>	<b>161,228,803</b>	<b>32,392,241</b>
Акцияға базалық пайда (қазақстандық теңгемен)	328.70	84.39

## 2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Жинақталған шығын	Капитал жиыны
2020 жылғы 1 қаңтардағы қалдық (түзетілген)	2,553,115,990	158	(1,076,004,369)	1,477,111,779
Жыл ішіндегі пайда	-	-	32,392,241	32,392,241
<b>2020 жылғы жиынтық кіріс жиыны</b>	-	-	<b>32,392,241</b>	<b>32,392,241</b>
Жай акциялар шығарылымы «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ-ның қосылуына байланысты жай акциялар шығарылымы	1,908,358,260	-	-	1,908,358,260
23,049,318 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергендегі салымдарды бастапқы мойындау кезінде мойындалған дисконт	214,258,892	-	-	214,258,892
122,143,272 мың теңге мөлшерінде салықтарды шегергендегі пайда немесе шығын және амортизацияланған құны бойынша инвестициялар арқылы әділ құны бойынша инвестицияларды бастапқы мойындау кезінде мойындалған дисконт	-	-	(92,197,270)	(92,197,270)
49,744,050 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергенде Акционердің шешімі бойынша қайта құрылымдау бойынша операциялар	-	-	(488,573,086)	(488,573,086)
Акционердің шешімі бойынша басқа да бөлулер	-	-	(374,526,788)	(374,526,788)
Дивидендтерді төлеу	-	-	(871,305)	(871,305)
	-	-	(27,735,140)	(27,735,140)
<b>2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық</b>	<b>4,675,733,142</b>	<b>158</b>	<b>(2,027,515,717)</b>	<b>2,648,217,583</b>
Жыл ішіндегі пайда	-	-	161,228,803	161,228,803
<b>2021 жылдағы жиынтық кірістің жиыны</b>	-	-	<b>161,228,803</b>	<b>161,228,803</b>
Жай акциялар шығарылымы	120,000,000	-	-	120,000,000
10,031,891 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергендегі салымдарды бастапқы мойындау кезінде мойындалған дисконт	-	-	(40,127,562)	(40,127,562)
25,333,020 мың теңге мөлшерінде салықтарды шегергенде пайда немесе шығын және амортизацияланған инвестициялар арқылы әділ құны бойынша инвестицияларды кезінде мойындалған дисконт	-	-	(101,332,082)	(101,332,082)
Дивидендтерді төлеу	-	-	(32,392,241)	(32,392,241)
Басқа да бөлулер	-	-	(1,512,019)	(1,512,019)
<b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық</b>	<b>4,795,733,142</b>	<b>158</b>	<b>(2,041,650,818)</b>	<b>2,754,082,482</b>

## 2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

	2021 ж.	2020 ж.
<b>Операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары</b>		
Алынған пайыздық кірістер	158,562,924	69,682,509
Төленген пайыздар	(71,430,994)	(25,500,000)
Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілермен есеп айырысу	(915,538)	(525,897)
Қызметкерлермен есеп айырысулар	(1,238,559)	(1,214,614)
Төлем көзінен пайдаға төленген салық	(1,730)	(1,501)
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен алынған ақша ағындары</b>	<b>84,976,103</b>	<b>42,440,497</b>
<b>Келесілер бойынша таза (өсім)/төмендеу:</b>		
- Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар	(271,028,584)	(270,144,914)
- Дебиторлық берешек	407,531,193	(406,918,904)
- Басқа активтер	(116,539)	(1,586,276)
<b>Операциялық қызметтен алынған / (пайдаланылған) таза ақша қаражаты</b>	<b>221,362,173</b>	<b>(636,209,597)</b>
<b>Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары</b>		
«Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ-ның қосылуынан ақша қаражатының таза түсімі	-	120
Амортизацияланған құны бойынша инвестицияларды сатып алу	(281,892,821)	(1,231,796,700)
Амортизацияланған құны бойынша инвестицияларды өтеуден түсетін түсімдер	92,014,871	10,077,975
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша инвестициялар сатып алу	(1,303,774)	(72,977,031)
Қаражатты салымдарға орналастыру	(59,085,140)	(410,474,830)
Орналастырылған салымдардан түсетін түсімдер	353,519,310	16,086
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(38,859)	(102,960)
<b>Инвестициялық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақша қаражаты</b>	<b>103,213,587</b>	<b>(1,705,257,340)</b>
<b>Қаржы қызметінен түсетін ақша ағындары</b>		
Жай акциялар эмиссиясы	120,000,000	1,908,358,260
Борыштық бағалы қағаздар шығарылымынан түсімдер	367,215,867	537,936,666
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(170,000,000)	(100,000,000)
Төленген дивидендтер	(32,392,241)	(27,735,140)
<b>Қаржылық қызметтен алынған таза ақша қаражаты</b>	<b>284,823,626</b>	<b>2,318,559,786</b>
<b>Өзгерістердің ақша қаражатына және ақша қаражатының баламаларына өзгерістерінің әсері</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>Ақша қаражатының және ақша қаражаты баламаларының таза өсімі/(төмендеуі)</b>	<b>609,399,386</b>	<b>(22,907,151)</b>
<b>Жыл басындағы ақша қаражаты және ақша қаражатының баламалары</b>	<b>255,657,173</b>	<b>278,564,324</b>
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты және ақша қаражатының баламалары</b>	<b>865,056,559</b>	<b>255,657,173</b>



# ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

# ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының 2021 жылғы жылдық есебінде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

Қор	— «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы
ҚР Ұлттық Банкі	— Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі республикалық мемлекеттік мекемесі
АКК	— «Аграрлық кредит корпорациясы» акционерлік қоғамы
Қордың Корпоративтік басқару кодексі	— Қордың Жалғыз акционерінің 2021 жылғы 11 ақпандағы № 2 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексі
Қордың Корпоративтік әдеп кодексі	— Қордың Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 13 мамырдағы №8 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік әдеп кодексі
Басым жобаларға кредит беру тетігі	— «Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысымен бекітілген Басым жобаларға кредит беру тетігі
Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы	— Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы №39 қаулысымен бекітілген Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы
ҚР банк секторының қаржылық орнықтылық бағдарламасы	— Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы №129 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы

- Қайта қаржыландыру бағдарламасы — Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі №69 қаулысымен бекітілген Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы
- Жеңіл автокөлік сатып алушыларға кредит беру бағдарламасы — Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 мамырдағы №79 қаулысымен бекітілген Отандық өндірістегі жеңіл автокөлікті сатып алушыларға кредит беру бағдарламасы
- «Нұрлыжер» бағдарламасы — Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1054 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 - 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы
- «Баспана хит» НИБ — ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы №123 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй нарығында ұзақ мерзімді кредит беруді ынталандыру тәсілдеріне сәйкес әзірленген «Баспана хит» нарықтық ипотекалық өнімі
- ХӘОТ — Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарының мәртебесін растаған қарыз алушылар
- Қор Жарғысы — Қордың Жалғыз акционерінің 2017 жылғы 22 тамыздағы №1 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Жарғысы
- «Бәйтерек» ҰБХ — «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ



# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

## ҚОР

Мекенжайы: А15С9Т5, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., «Көктем-3» ы/а, 21-үй

## КЕҢСЕ\ҚАБЫЛДАУ БӨЛМЕСІ

+7 (727) 277-20-25 (вн.7300)  
info@kfu.kz

## БІРЫҢҒАЙ CALL CENTER (ТӘУЛІК БОЙЫ):

+7 (727)-22-7-20-25

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЗАҢНАМАСЫН БҰЗУ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ҚОР  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ НЕМЕСЕ ЛАУАЗЫМДЫ  
ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ЗАҢСЫЗ ІС-ӘРЕКЕТ ЖАСАУ  
ФАКТИЛЕРІ БОЙЫНША:

+7 (727) 344-27-44 (ішкі 7407)  
Қордың ішкі аудиторы

